



ЕАЭО МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУЫ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жыл
IV тоқсан

ӘОЖ 334
КБЖ 65.292
Е-11

Е-11 **«ЕАЭО мемлекеттеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы есеп. 4 тоқсан».** – Нұр-Сұлтан, 2019. – 120 бет

ISBN 978-601-7513-99-3

Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша негізгі индикаторларға жетуге айрықша назар аударып келеді. Бизнес ахуалды жақсарту бойынша атқарылған жұмыстың нәтижесінде Дүниежүзілік Банктің «Doing Business – 2019» есебіне сәйкес Қазақстан өз рейтингін соңғы он жылда 36 көрсеткішке жақсартып, 28-орынға тұрақтады әрі Әзірбайжан (25-орын), Австрия (26-орын), Тайланд (27-орын), Руанда (29-орын), Испания (30-орын) секілді мемлекеттердің қатарынан орын алды.

Қазақстанның ЕАЭО интеграциялық бірлестігіне қатысуы – отандық кәсіпкерлерге жаңа нарық пен халықаралық саудадағы интеграция мүмкіндігіне жол ашады.

Аталған есептің міндеті – 2018 жылдың төртінші тоқсанында ЕАЭО мемлекеттеріндегі шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштеріне қысқаша талдау, кәсіпкерлік қызмет және кәсіпкерлік саласындағы заңнамаларға өзгерістер енгізу, сондай-ақ қарастырылып отырған кезеңде ЕАЭО елдерінде қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асқан макроэкономикалық ортаға шолу жасау.

Барлық материалдар ЕАЭО елдеріндегі статистика саласына құзыретті мемлекеттік органдардың маңызды статистикалық мәліметтеріне негізделген. Есепте статистикалық мәліметтер кесте, сурет және диаграмма түрінде иллюстрациямен берілген, бұл ақпаратты түсінуге анағұрлым ыңғайлы. Есеп үкіметтік органдар, биліктің жергілікті атқарушы органдарына, жоғары оқу орындарына, қоғамдық ұйымдар мен бизнес-құрылымдарға ұсынылады.

ӘОЖ 334
КБЖ 65.292

ISBN 978-601-7513-99-3

© «Атамекен» ҚР ҰКП, 2019

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

ЕАЭО	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕЭК	Еуразиялық Экономикалық Комиссия
ДБ	Дүниежүзілік банк
ОА	Орта Азия
АР	Армения Республикасы
БР	Беларусь Республикасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
ФО	Федералдық округ
ҚР	Қырғыз Республикасы
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ҰЭМ	Ұлттық экономика министрлігі
ШОК	Шағын және орта кәсіпкерлік
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ШК	Шағын кәсіпкерлік
АҚ	Акционерлік қоғам
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектеулі қоғам
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖК	Жеке кәсіпкер
ШҚ	Шаруа қожалығы
БЖК-2020	Бизнестің жол картасы-2020

КІРІСПЕ

ЕАЭО қатысушы-мемлекеттерінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын талдау Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерліктегі негізгі индикаторларының жетістігі үшін жауапты мемлекеттік құрылымына да, отандық кәсіпкерлер үшін де маңызды рөл ойнайды.

Мемлекет серіктестердің шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы интеграциялық бірігу бойынша оң тәжірибесін зерттейді, кәсіпкерлер ЕАЭО мемлекеттерінің нарығына анағұрлым сенімді кіруге мүмкіндік беретін пайдалы ақпарат алады.

Қазақстанның ЕАЭО интеграциялық бірлестігіне қатысуы – отандық кәсіпкерлерге жаңа нарықты ашады, бірақ нарықтағы жағдай әрдайым өзгеріп отырады. Ұлттық экономиканың қандай да бір саласындағы тауарлар мен қызметке сұранысты сипаттайтын негізгі индикаторлардың бірі – өсу қарқыны. Экономикалық белсенділік көрсеткіші экономикалық қызметтің барлық түрін қамтиды, бұл елдегі өнім шығарылымының нақты көлем өзгерісін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан ЕАЭ қатысушы-мемлекеттердегі макроэкономикалық статистиканы шолуға және олардың экономикалық белсенділігіне ерекше назар аударылады.

Ұлттық экономиканың тұрақты әрі серпінді дамуы үшін шағын және орта кәсіпкерлік дамуының маңыздылығын ескере отырып, ЕАЭ барлық мемлекеті бизнесті жүргізу процедураларын жеңілдету және кәсіпкерлік ортаны жақсарту бойынша кешенді шараларды жоспарлы түрде жүргізіп келеді. Мемлекеттерді бизнесті жүргізу жеңілдігіне қарай салыстыру үшін Дүниежүзілік банк жыл сайын бизнесті жүргізу жағдайын он негізгі бағыт бойынша бағалайтын «Doing Business» беделді есебін жариялайды. Аталған көрсеткіш бойынша да жағдай үнемі өзгеріп отырады.

2018 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша 2018 жылы қазанның соңында жарияланған «Doing Business-2019» рейтингінде Қазақстан бір жыл ішінде 8 көрсеткіште жоғарылап, әлемде 28-орынды алған. Бұл рейтингте ЕАЭО-ның барлық мемлекеті өз көрсеткіштерін жақсартқан: Ресей – 4 орынға (31-орын), Беларусь, Армения мен Қырғызстан – 1 орынға (тиісінше 37, 41 және 70-орын).

Ұлттық мемлекеттер үкіметтерінің бизнес-қоғамдастықтармен ынтымақтастығындағы мақсатты жұмысы мен ЕАЭО мемлекеттерінің нормативті-құқықтық және заңнамалық актілеріне енгізілген өзгертулердің арқасында бизнесті жүргізудің жағдайларын жақсартуға қол жеткізілді.

Қазақстанда кәсіпкерлік әлеуетті 2018 жылдың тамызында жаңа редакцияда бекітілген «БЖК-2020» мемлекеттік бағдарламасымен күшейту үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау аясында ЕАЭО мүше-мемлекеттерде кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарын түсіндіру құралын тұрақты қолдану қарастырылған.

Бұл есептің міндеті – 2018 жылдың төртінші тоқсанында ЕАЭО мемлекеттеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткішіне қысқаша талдау, кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылған макроэкономикалық ортаға және ЕАЭО мемлекеттерінің кәсіпкерлік саласындағы заңнамаларының қарастырылып отырған кезеңде өзгеруіне шолу.

Кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігінің индикаторы саналатын сыртқы және ішкі сауда статистикасына ерекше назар аударылды.

1

ЕАЭО мемлекеттеріндегі шағын және орта кәсіпкерлік дамуының 2018 жылдың IV тоқсанындағы көрсеткіштері

1.1



Қырғыз Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуының көрсеткіштері



1.1.1. Кыргыз Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдайы

2018 жылдың төртінші тоқсанындағы қорытынды бойынша Кыргыз Республикасында ЖІӨ өсу қарқыны 3,5%-ға дейін артты, 2018 жылдың үшінші тоқсанына қарағанда 2,3%-ға жоғары, экспорт 1%-ға жуық және тауар импорты 8%-ға өсті, 1.1.1-кестені қараңыз.

1.1.1-кесте. 2018 жылдың 4-тоқсанының қорытындысы бойынша Кыргызстанның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсандағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер

Жалпы ішкі өнім 2018 ж. қаңтар-желтоқсаны 2017 ж. қаңтар-желтоқсанына пайызбен	103,5%	Негізгі капиталға инвестициялар 2018 ж. қаңтар-желтоқсаны 2017ж. қаңтар-желтоқсанына пайызбен	103,3%
Өнеркәсіп Нақты көлем индексі	105,4%	Инфляция 2018 ж. желтоқсанына	0,4%
Ауыл шаруашылығы	102,7%	Халық 01.04.2019	6,4 млн. адам
Экспорт 2018 ж. қаңтар-желтоқсаны 2017 ж. қаңтар-желтоқсанына пайызбен	100,8%	Импорт 2018 ж. қаңтар-желтоқсаны 2017ж. қаңтар-желтоқсанына пайызбен	108,2%


Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті.

Жалпы ішкі өнім. Алдын ала бағалау бойынша 2017 жылдың нақтыланған базасына өндірістік әдіспен есептелген 2018 жылғы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 557,1 млрд сомды құрады және 2017 жылмен салыстырғанда 3,5 пайызға артқан. «Құмтөр» кен орнын өңдеу бойынша кәсіпорынды есепке алмағанда, нақты ЖІӨ өсуі 3,5 пайызды құрады.

Кесімді ЖІӨ құрылымында тауар өндіретін салалардың үлесі 2017 жылдың нақтыланған мәліметімен салыстырғанда 0,7%-ға кеміген және 39,1 пайызды құраған. Мұнымен қоса, өнеркәсіп үлесі 0,1 пайыздық тармаққа төмендеген әрі 18,6 пайызды құрайды, ауыл шаруашылығы сәйкесінше 0,7 пайыздық тармаққа және 11,7 пайызға төмендеген. Бірақ, құрылыс үлесі 0,2 пайыздық тармаққа артып, 8,8 пайызды құраған.

Қызмет көрсететін салалардың үлесі 2017 жылы нақтыланған базамен салыстырғанда 0,3 пайыздық тармаққа төмендеп, 46,8 пайызды құраған. Сонымен көтерме және бөлшек сауда, автокөлік және мотоцикл жөндеу үлесі 0,4 пайыздық тармаққа өсіп, 18,2 пайызды құрады, көлік қызметі сәйкесінше 0,1 пайыздық тармаққа және 4,0 пайызға. Сондай-ақ ақпарат және байланыс саласының үлесі 3,0 пайызды құрап, 0,1 пайыздық тармаққа кеміген, басқа қызметтердің үлесі (жылжымайтын мүлік операциясы, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету) 0,7 пайыздық тармаққа азайған және 19,9 пайызды құрады. Қонақүй және мейрамхана қызметінің саласына қатысты айтсақ, ол 2017 жылғы деңгейде және 1,7 пайызды құрады. Тоқсан бойынша серпін 1.1.1-суретте көрсетілген.


1.1.1-сурет. Кыргызстан ЖІӨ-нің 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы өзгерісі (өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі пайызда).



Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

«Құмтөр» кен орнын өңдеу бойынша кәсіпорынды есепке алмағанда республиканың ЖІӨ көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында 557,1 млрд сомды құраған және 3,5%-ға өскен, 1.1.2-суретті қараңыз.

1.1.2-сурет. 2018 жылдың 3-тоқсанында «Құмтөр» кен орнын есепке алмағанда Қырғызстан ЖІӨ-нің өзгерісі



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

1.1.1-кірістірме.

«Құмтөр» кен оры туралы

Құмтөр – Қырғызстанның Ыстық-Көл облысында орналасқан Орта Азиядағы биік таулы алтын өндіретін ірі кен орны, канадалық Centerra Gold Inc алтын өндіретін компаниясы жетілдірген. Кен орнын өңдеу үшін 1993 жылы «Құмтөр Оперейтинг Компани» ЖАҚ құрылған. Алтынның өнеркәсіптік өндірісі 1997 жылдың мамырында басталды. 2014 жылы құрылымы өзгертілді және операциялық қызмет «Құмтөр Голд Компани» ЖАҚ өтті – бірлескен кәсіпорын Қырғызстанның үлескерлік қатысуы 50%. 2026 жылдан кейін Қырғызстанның үлесі 67%-ға дейін артады. Өнеркәсіптік өндірістің басынан 2017 жылдың 31 жетоксаны аралығында Құмтөрге шамамен 11,5 млн унция немесе 357 тонна алтын өндірілді, ондағы 562,7 мың унция немесе 17,5 мың тонна 2017 жылы алынған. «Құмтөр» кенішінде өндірілетін алтын құймасын аффинаж кәсіпорнында қайта өңдеу үшін «Қырғызалтын» ААҚ сатып алады. Бұл «Құмтөр Оперейтинг Компани», «Қырғызалтын» ААҚ және Қырғыз Республикасының Үкіметі арасында жасалған Алтын және күмісті сату туралы келісімшартта қарастырылған. Тазартылған алтын мен күмісті Қырғыз Республикасында және одан тысқары өткізудің айрықша құқығына тек «Қырғызалтын» ААҚ ие. <https://24.kg/archive/ru/parlament/171414-zhogorku-kenesh-podderzhal-restrukturizaciyu.html/>

2018 жылдың төртінші тоқсанында Қырғызстанда ең жоғары қарқынмен өнеркәсіптік өндіріс өсті – 5,4%, екінші орында 4,3% көрсеткішпен құрылыс және қызмет көрсету салалары тұр, ЖІӨ-де 40%-ға жуық үлесті алған қызметтер бар болғаны 1,8%-ға ғана артқан. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда экономиканың барлық саласында оң серпін бар, 1.1.4-суретті қараңыз. Аталған көрсеткішке елдің ЖІӨ-сіне секілді «Құмтөр» кен орнын өңдеу кәсіпорынының өндірістік қызметі күшті әсер етті, 1.1.1-кірістірмені қараңыз.

1.1.2-кесте. 2018 жылдың 4-тоқсанында Қырғызстан экономикасының негізгі салаларындағы өсу қарқынының өзгерісі.


	2018 жыл қаңтар-желтоқсан
ЖІӨ, млрд. сом	557,1
ЖІӨ өсу қарқыны	103,5%
Өнеркәсіптік өндіріс	105,4%
Ауыл шаруашылығы	102,7%
Құрылыс	104,3%
Қызмет көрсету салалары	104,3%
Тұтыну бағасының индексі өткен жылдың желтоқсанына	99,6%

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Қырғыз Республикасы экономикасы салаларының 2018 жылдың 4-тоқсанындағы дамуын егжей-тегжейлі қарастырсақ,

Өнеркәсіп. Жоғарыда аталғандай, өнеркәсіптің ЖІӨ-дегі үлесі 19%-ға жуық. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2018 жылдың қаңтар-қыркүйінде өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 4,7 %-ға төмендеуі металл кенін өндіру 65,9%-ға азайғаны, сондай-ақ бағалы металл өндірудің 8,9%-ға төмендеуі туралы ресми статистика мәліметі бойынша негізделген, 1.1.3-суретті қараңыз.

1.1.3-сурет. Қырғызстанда өнеркәсіптік өнім өндіру көлемінің 2017-2018 жылдардағы тоқсан бойынша өзгеруі (өткен жылдардағы тиісті кезеңге пайызбен).



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті


Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі 2018 жылдың қаңтар-сәуірімен салыстырғанда негізгі металдар (44,1 пайызға), металл кенін өндіру (34,3 пайызға), көмір (26,4 пайызға), шикі мұнай мен табиғи газ (16,5 пайызға), тоқыма өндірісі мен киім өндірісі (21,2 пайызға), сондай-ақ резина және пластмасса бұйымдары өндірісінің артуымен негізделген.

Мұнымен қоса, мұнай өнімдері (36,7 пайызға), химия өнімдері (37,7 пайызға), фармацевтика өнімдері (18,2 пайызға), тамақ өнімі (4,8 пайызға) өндірісінде төмендеу байқалды.

Өндіріс (4,1 пайызға) пен электр энергияны тарату (5,7 пайызға) азайғандықтан, электр энергиясы, газ және бумен қамтамасыз ету көлемі 4,2 пайызға қысқарды. «Құмтөр» кен орнын өндіру кәсіпорнын қоспағанда, өндіріс көлемі 5,9 пайызға төмендеді, 1.1.4-суретті қараңыз.

Өткен жылы өнеркәсіптік өнім көлемінің артуы негізгі метал мен дайын металл бұйымдары, азық-түлік өнімдері (сусындарды қосқанда) мен темекі өнімдері, резина және пластмасса бұйымдары, басқа да металл емес минералды өнімдер, тазартылған мұнай өнімдері, тоқыма өндірісі, киім және аяқ киім өндірісі, былғары және басқа да былғары бұйымдары, пайдалы қазбалар өндірісінің артуымен, сондай-ақ электр энергиясы, газ және бумен қамтамасыз етумен (жабдықтау) негізделген.

1.1.4-сурет. 2018 жылдың 4-тоқсанындағы қорытынды бойынша Қырғызстанда «Құмтөр» кен орнын есепке алмағандағы өнеркәсіптік өнім шығару көлемінің өзгеруі (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).




Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Ауыл шаруашылығы. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау кәсібі өнімдерінің жалпы шығарылымы 203822,6 млн сом көлемінде болды, оның ішінде 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанында нақты көлем индексі 102,7 пайызды құрады.

2018 жылдың 4-тоқсаны бойынша Қырғызстан ауыл шаруашылығының жалпы өнім серпіні 1.1.5-суретте көрсетілген.

1.1.5-сурет. 2018 жылдың 4-тоқсанындағы қорытынды бойынша Қырғызстанның ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім серпіні (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті


Биыл қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің жалпы көлемінде мал шаруашылығының өнімі 48,2 пайызды құрады, өсімдік шаруашылығы – 49,2 пайыз, орман шаруашылығы және балық аулау кәсібі – 0,2 пайыз, қызмет көрсету – 2,4 пайыз.

Өнімнің жалпы көлемінде шаруа (фермерлік) қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі 95,8 пайыз.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемінің өсуі өсімдік шаруашылығында (3,4 пайызға), сондай-ақ мал шаруашылығында (2,2 пайызға) өнім өндірудің артуымен негізделген.

Негізгі капиталға инвестициялар және құрылыс нарығы. 2018 жылы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестицияны игерудің деңгейі 2017 жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға өскен (салыстырмалы бағада) және 150825,9 млн сомды құраған. 2018 жылдың желтоқсанында оның көлемі 26646,5 млн сомды құрады, бұл 2017 жылдың желтоқсанына қарағанда 0,9 пайызға жоғары. Инвестиция серпіні 1.1.6-суретте көрсетілген.

1.1.6-сурет. 2018 жылдың 4-тоқсанында Қырғызстандағы негізгі капиталға инвестиция көлемінің өзгеруі (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

2017 жылмен салыстырғанда ішкі көздер есебінен қаржыландырылатын негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 24,0 пайызға өскен, оның ішінде банк несиелерінің есебінен – 2,0 есе, кәсіпорындар мен

мекемелердің қаржысы – 35,7 пайызға, халықтың қаржысы – 18,9 пайызға, осы уақытта республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын инвестициялар 26,4 пайызға төмендеген, жергілікті бюджеттікі – 18,8 пайызға.

Сыртқы көздер есебінен қаржыландыру инвестициясының көлемі 27,8 пайызға қысқарған, оның үстіне шетелдік несиелер есебінен – 42,2 пайызға, тікелей шетелдік инвестициялар – 25,5 пайызға, ал шетелдік гранттар мен гуманитарлық көмек есебінен, керісінше, 1,4 есеге артқан.

Қырғызстанда құрылыс саласында былтырғы жылмен салыстырғанда құрылыс көлемі жалпы 33,5%-ға төмендеген, 1.1.3-кестені қараңыз. Тұрғын үй құрылысы көлемінің жалпы төмендегеніне қарамастан, жеке құрылыс көлемінің өскені байқалады, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,4%-ды құрайды.

1.1.3-кесте. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында тұрғын үй мен әлеуметтік сала нысандарының құрылысы

	Жүргізілді			Жеке капиталда қолданылған инвестиция, млн. сом
	Үй/пәтер, бірлік	Жалпы ауданы		
		мың ш.м.	2017 ж. %	
Тұрғын үй - барлығы	8 792	978,6	66,5	49 764,4
Мемлекеттік меншік	24	2,1	3,7	122,6
Муниципалдық меншік	-	-	-	18,0
Жеке меншік	8 768	976,5	69,0	49 623,8
Жеке құрылыс	7 846	907,5	106,4	14 645,7
Баткен облысы	594	67,7	107,4	835,7
Жалал-Абад облысы	1 714	170,8	106,8	2 300,6
Ыстық-Көл облысы	589	72,6	118,3	1 281,0
Нарын облысы	308	32,5	127,4	536,7
Ош облысы	1 790	193,3	98,4	2 254,6
Талас облысы	377	45,4	100,7	594,4
Шу облысы	1 344	156,4	100,2	2 795,5
Бішкек қ.	857	130,7	112,9	3 589,8
Ош қ.	273	38,1	127,6	457,4
Жалпы білім беру мектептері, оқушы орны	18	4 117	31,7	2 267,0
Мектепке дейінгі білім беру мекемелері, орны	22	1 379	43,8	465,5
Ауруханалар, төсек орны	2	55	12,9	2 929,4
Амбулаториялық-емханалық мекемелер, ауысымдағы келу учреждения, посещения в смену	18	277	27,6	283,8

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Сауда. Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитетінің мәліметіне сәйкес өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда көтерме және бөлшек сауда айналымы 5,5%-ға артқан. Оның үстіне, көтерме сауда айтарлықтай артқан әрі 7,5%-ды құрады, көтерме саудада былтырғы жылмен салыстырғанда 5,1%-ға жоғарылаған, 1.1.4. және 1.1.5-кестелерді қараңыз.

1.1.4-кесте. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанындағы жағдай бойынша Қырғыз Республикасының тұтынушылық нарығы (млн. сом)

	Желтоқсан		Қаңтар-желтоқсан	
	2017	2018	2017	2018
Көтерме және бөлшек сауда, автокөлік және мотоцикл жөндеу айналымы	93 372,3	100 979,0	513 754,8	553 623,1

Автокөлік және мотоцикл, торап және жабдықтар саудасы	2 360,6	2 853,2	11 753,6	13 477,9
Техникалық қызмет көрсету және автокөліктерді жөндеу	265,2	291,0	2 650,5	2 815,0
Көтерме сауда	36 564,2	37 448,2	174 218,0	188 148,1
Мотор майларының бөлшек саудасы	7 419,1	8 245,9	55 961,4	62 793,4
Бөлшек сауда	46 763,2	52 140,7	269 171,3	286 388,7

Источник: Национальный статистический комитет Кыргызской Республики


1.1.5-кесте. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанындағы жағдай бойынша Қырғыз Республикасының тұтынушылық нарығы (%)

	2017	2018	2017	2018
Көтерме және бөлшек сауда, автокөлік және мотоцикл жөндеу айналымы	122,3	107,7	108,8	105,5
Автокөлік және мотоцикл, торап және жабдықтар саудасы	86,6	119,1	100,2	108,4
Техникалық қызмет көрсету және автокөліктерді жөндеу	110,8	105,3	108,7	101,8
Көтерме сауда	154,5	103,1	116,0	107,5
Мотор майларының бөлшек саудасы	101,7	101,1	102,5	100,5
Бөлшек сауда	110,1	111,7	106,2	105,1

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Қызмет нарығы. Алдын ала бағалау бойынша, 2018 жылы шаруашылық жүргізу субъектілері (заңды және жеке тұлғалар) көрсеткен нарықтық қызмет көлемі 724,9 млрд. сомды құрады және 2017 жылмен салыстырғанда 4,9 пайызға өсті.

1.1.7-сурет. 2018 жылдың 4-тоқсанында Қырғызстанда экономикалық қызмет түрлері бойынша нарықтық қызмет көлемінің өзгеруі (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).




Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Еңбекақы және еңбек нарығы. 2018 жылдың қаңтар-қарашасында бір жұмысшының (шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда) орташа айлық кесімді еңбекақысы 15747 сомды құрады және 2017 жылдың қаңтар-қарашасымен салыстырғанда 5,9 пайызға көтерілген, ал оның тұтынушылық баға индексі есептегенде аударылған нақты көлемі 4,2 пайызға өскен.

Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ресми валюта бағамына сүйенсек, 2018 жылы қаңтар-қарашасында бір жұмысшының орташа айлық еңбекақысы 229,0 АҚШ долларын құраған, 1.1.8-суретті қараңыз.

1.1.8-сурет. Кыргызстанда 2018 жылдың 4-тоқсанындағы нақты еңбекақы серпіні, 2017 жылдың тиісті кезеңіне % (шағын кәсіпорындарды есепке алмағанда).




Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Кәсіпорындарда және қонақүй мен мейрамхана қызметі саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан басқа экономикалық қызметтің барлық түріндегі мекемелерде орташа айлық есептелген еңбекақының өсу қарқыны жоғарылағаны байқалды.

Орташа айлық еңбекақының өсу қарқынында айтарлықтай анағұрлым жоғарылау құрылыс (10,9 пайыз), ақпарат және байланыс (14,5 пайыз), мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру (10,5 пайыз), көтерме және бөлшек сауда, автокөлік және мотоцикл жөндеу (8,7 пайыз), сондай-ақ жылжымайтын мүлік операциясында (8,3 пайыз) орын алды.

2017 жылмен салыстырғанда Кыргызстанда 4 негізгі экономикалық көрсеткіш бойынша төмендеу анықталған, ЖІӨ 1,2%-ға төмендеді, өнеркәсіптік өнім көлемі 6,1%-ға азайған, құрылыс саласының жалпы өнімі 0,1%-ға төмендеген, сондай-ақ сауданың жалпы көлемі 3,3%-ға азайған. Көлік тасымалдау және ауыл шаруашылығының жалпы өндірісінде оң серпін байқалған, ондағы өсу сәйкесінше 1,1% және 0,3% құраған.

1.1.9-сурет. 2018 жылы қаңтар-желтоқсанда негізгі экономикалық көрсеткіштердің өзгерісі



Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Кыргызстанда шағын және орта кәсіпкерлік дамуының сандық және сапалық көрсеткіштері 2018 жылдың төртінші тоқсанында қалай өзгергенін қарастырайық.

1.1.2. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Қырғыз Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

2019 жылдың 1 қаңтарында Қырғыз Республикасының аумағында заңды да, жеке тұлғалардан да жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілер саны 707,2 мың болды. Өткен жылдың тиісті датасымен салыстырғанда олардың саны 3,4 пайызға өскен, 1.1.6-кестені қараңыз.

1.1.6-кесте. 2019 жылы 1 қаңтарда аймақ бойынша жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілер.

	Всего, тыс. единиц	В процентах	
		к соответствующей дате предыдущего года	к итогу
Қырғыз Республикасы	707,2	103,4	100
Баткен облысы	64,5	104	9,1
Жалал-Абад облысы	128	102,8	18,1
Ыстықкөл облысы	62,7	102	8,9
Нарын облысы	56,1	103,2	7,9
Ош облысы	172,2	103,6	24,3
Талас облысы	36,9	104,6	5,2
Шу облысы	120,6	102,4	17,1
Бішкек қаласы	38,7	109,1	5,5
Ош қаласы	27,5	102,6	3,9

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті


Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілердің жалпы санында жеке нысандағы меншік субъектілері басым (98 пайыздан асады). Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау кәсібі саласында қызмет атқаратын шаруашылық жүргізетін субъектілер (63 пайыз) анағұрлым көп үлеске ие.

Жұмыс істейтін шаруашылық жүргізетін субъектілер үш облыста ең көп, жинақтағанда барлық субъектіден 50%-дан астамын алады:

- Ош облысы – 172,2 мың (24,3%);
- Жалал-Абад облысы – 128 мың (18,1%);
- Шу облысы – 120,6 мың (17,1%).

Қырғызстанның жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілері 1.1.10-суретте өңір бойынша бөліп көрсетілген.

1.1.10-сурет. 01.01.2019 жылы Қырғызстанның жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілерін өңір бойынша бөлу.




Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

2019 жылдың 1 қаңтарында аталған көрсеткіш бойынша аздаған қысқарту бар екенін көрсетеді. Қазіргі таңда Қырғыз Республикасының Үкіметі кәсіпкерлерлі көлеңкелі сектордан шығару және бизнесті заңдастыру бойынша шаралар қабылдауда, бұл жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілердің статистикасына оң әсер ету тиіс.

Бизнес демографиясында үнемі өзгеріс орын алады, жаңа кәсіпорындар мен мекемелер тіркеледі, нарықта тұрақтай алмаған кәсіпорындар мен ұйымдар таратылады. 1.1.11-суретте Қырғызстанда 2018 жылдың IV тоқсанында жаңадан тіркелген және таратылған шаруашылық жүргізетін субъектілердің өңір бойынша бөлінгені берілген (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).

1.1.11-сурет. Қырғызстанда 2018 жылы жаңадан тіркелген және таратылған шаруашылық жүргізетін субъектілердің аймақ бойынша саны (өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен).



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Шаруашылық жүргізетін субъектілер құрылымында шаруа (фермерлік) қожалықтар мен жеке кәсіпкерлер басым. Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілердің жалпы санында заңды тұлғалардың үлесі 4,5 пайызды немесе 31,6 мың бірлікті құрады.

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың айтарлықтай бөлігі (80,2 пайызы) шағын шаруашылық жүргізетін субъектілерге тиесілі, оның 47,6 пайызы Бішкек қаласында тіркелген. Орта және ірі шаруашылық жүргізетін субъектілердің үлесі сәйкесінше 13,6 және 6,2 пайызы құрады, 1.1.7-кестені қараңыз.

1.1.7-кесте. Қырғызстанда 2018 жылы 1 қазанда жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілерді түрі мен өңіріне қарай бөлу, мың бірлі.

	Барлығы	В том числе					
		шағын	орта	ірі	Шаруа (фермерлік) қожалықтар	Жеке кәсіпкерлер	Басқа жеке бөлімшелер
Қырғыз Республикасы	707,2	24,5	4,3	1,9	333,0	335,1	8,3
Баткен облысы	64,5	1,0	0,4	0,1	31,0	31,6	0,4
Жалал-Абад облысы	128	1,9	0,7	0,3	77,0	46,5	1,6
Ыстықкөл облысы	62,7	1,4	0,4	0,1	19,8	40,0	0,9
Нарын облысы	56,1	0,7	0,3	0,1	31,5	22,7	0,8
Ош облысы	172,2	2,5	0,6	0,2	98,1	69,1	1,7
Талас облысы	36,9	0,9	0,2	0,1	21,6	13,5	0,6

Шу облысы	120,6	2,8	0,6	0,2	51,2	64,4	1,3
Бішкек қаласы	38,7	12,1	0,8	0,6	0,5	23,9	0,9
Ош қаласы	27,5	1,2	0,2	0,1	2,4	23,3	0,3

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін барлық 707 200 субъектінің 94%-дан астамын жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары құрайды, тек 34%-ы – шағын кәсіпорындар, орта кәсіпорындардың үлесі – небары 0,6%, 1.1.14-суретті қараңыз.

Жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілердің жалпы санында жеке нысандағы меншік субъектілері (98,2%) басым. Ең үлкен үлес (63%, немесе 439 200 бірлік) ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық аулау кәсібі саласында шаруашылық жүргізетін субъектілерге тиесілі, екінші орында – көтерме және бөлшек сауда (17%, немесе 117 900 бірлік), үшінші орында – көлік (6%, немесе 41 300 бірлік), 1.1.8-кестені қараңыз.

2018 жылы 3-тоқсанның басында шағын және орта кәсіпкерлік саласында 477 300 адам жұмыспен қамтылған, экономиканың түрлі саласындағы өнімде шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі:

- өнеркәсіпте – 21,1%;
- ауыл шаруашылығы – 51,6% (өндірістің 97% шаруа қожалықтарына тиесілі);
- құрылыс (мердігерлік жұмыс көлемі) – 96,6%.

Үшінші тоқсандағы қорытынды бойынша шағын және орта кәсіпкерлік үлесі және өндірілген өнім көлемі бойынша соңғы мәліметтер зерттеу жүргізілу сәтінде әлі жарияланбаған.

1.1.12-сурет. Қырғызстанда 01.01.2019 жылы жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілердің құрылымы (мың субъекті)



Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

1.1.8-кесте. 2019 жылдың 1 қаңтарында Қырғызстанда жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізетін субъектілерінің нысаны мен экономикалық қызмет түрлері

	Барлығы	Оның ішінде меншік нысаны бойынша			
		мемлекеттік	муниципалдық	жеке	Басқа да
Барлығы	707225	7132	4913	695066	114
Ауыл шаруашылығы. Орман шаруашылығы және балық аулау кәсібі	442110	200	17	441893	-
Пайдалы қазбаларды өндіру	606	6	1	599	-
Өңдеу өндірісі (өңдеу өнеркәсібі)	14250	35	10	14205	-
Электр энергиясы, газ және бу, кондиционерленген ауамен қамсыздандыру (жабдықтау), кондиционированным воздухом	243	31	11	201	-

Сумен жабдықтау, қалдықтардың тазалау, өңдеу және екінші реттік шикізат алу	611	11	155	445	-
Құрылыс	7051	76	13	6962	-
Көтерме және бөлшек суда; автокөліктер және мотоцикл жөндеу	119480	13	4	119463	-
Көлік қызметі және жүктерді сақтау	41780	560	14	41206	-
Қонақүй және мейрамхана қызметі	14194	43	7	14143	1
Ақпарат және байланыс	3744	114	38	3592	-
Қаржылық делдалдық және сақтандыру	2886	25	4	2856	1
Жылжымайтын мүлік операциясы имуществом	6202	14	25	6163	-
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	13329	439	13	12875	2
Әкімшілік және көмекші қызмет	3047	44	9	2994	-
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; мандетті әлеуметтік қамсыздандыру	2706	1597	1108	-	1
Білім беру	7007	2104	1915	2935	53
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	4490	1393	296	2801	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	4317	418	1185	2714	-
Қызмет көрсететін басқа да қызметтер	19022	9	88	18924	1
Жалдамалы жұмысшылары бар жеке үй шаруашылықтарының қызметі, жеке үй шаруашылықтарының өзі тұтынуына арналған түрлі тауар мен қызмет өндірісі	94	-	-	94	-
Эксаумақтық ұйымдар қызметі	56	-	-	1	55

Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

1.1.3. Қырғыз Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы сыртқы экономикалық қызметі

Алдын ала мәлімет бойынша Қырғыз Республикасының сыртқы және өзара тауар саудасы 2018 жылдың қаңтар-қарашасында 5967,6 млн АҚШ долларын құрады және 2017 жылдың қаңтар-қарашасымен салыстырғанда 6,2 пайызға артқан. Экспорттық жеткізілімдер 1533,2 млн АҚШ долларын құрап, 0,8 пайызға өскен, бұл ТМД мемлекеттеріне жеткізудің 5,4 пайызға ұлғайғанымен негізделеді.


Импорттық түсім 2017 жылдың қаңтар-қарашасымен салыстырғанда ТМД-дан тыс мемлекеттердің түсімінің 19,6 пайызға артуы есебінен 4434,4 млн АҚШ долларын құрап, 8,2 пайызға өскен. Тауар айналымының құрылымында экспорттың үлесіне 2,7 пайыз келсе, импортқа – 74,3 пайыз.

2018 жылдың қаңтар-қарашасында сауда теңгерімінің теріс сальдосы 2901,2 млн АҚШ долларын құрады (2017 ж. қаңтар-қарашасында – 2576,4 млн доллар). Алтынды есепке алмағанда, экспорт 989,3 млн АҚШ долларын құрап, 6,2 пайызға артты.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара саудада республикадағы тауар айналымының жалпы көлеміне 35,0 пайыз тиесілі, оның ішінде экспортта – 32-6 пайыз, импортта – 35,9 пайыз.

Сәйкес кезеңдегі импорт көлемінің серпіні пайызбен 1.1.13-суретте көрсетілген.

1.1.13-сурет. 2018 жылдың 1 қаңтарында Қырғызстандағы импорт көлемінің өзгеруі




Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

ТМД-дан тыс мемлекеттерден негізгі экспорттаушы-мемлекеттер қатарында Ұлыбритания (экспорттың жалпы көлемінен 35,8 пайыз), Түркия (6,1 пайыз), Қытай (3,7 пайыз) және Литва (2,9 пайыз) бар. ТМД елдері арасынан жеткізілімнің жоғары үлесі Ресей (17,6 пайыз), Қазақстан (14,6 пайыз), Өзбекстан (9,6 пайыз), мен Тәжікстанға (2,9 пайыз) тиесілі.

ТМД-дан тыс мемлекеттен импортталған тауарлар көлемінің айтарлықтай бөлігін Қытай (импорттың жалпы көлемінен 39,6 пайыз), Түркия (6,1 пайыз), АҚШ (2,7 пайыз) және Германия (1,5 пайыз) құрайды. ТМД мемлекеттерінің қатарынан Ресейден импорттық түсім 25,0 пайызды құраған, Қазақстаннан – 10,2 пайыз және Өзбекстаннан – 3,7 пайыз. 01.0.12019 жылы Қырғызстандағы тауар экспортының серпіні 1.1.14-суретте берілген.

1.1.14-сурет. 01.01.2019 жылы Қырғызстанда экспорт көлемінің өзгеруі.




Дереккөз: Қырғыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

2017 жылдың қаңтар-қарашасымен салыстырғанда экспорт көлемі 2018 жылдың қаңтар қарашасында 703,0 млн долларды құрап, ТМД мемлекеттеріне жеткізудің артуы есебінен жоғарылады. Сонымен қатар, ТМД мемлекеттерінен басқа да елдерге тауар жеткізу 830,2 млн долларды құрап, 2,8 пайызға төмендеді.

Экспорттық жеткізілімнің артуы, негізінен цемент, портландцементті жеткізу 4,3 есеге, мыс қалдықтары мен сынықтарының 3,1 есеге, қара металл қалдығы мен сынығының 2,5 есеге, тас көмір – 2,1 есеге, сондай-ақ мақта талшығы – 47,7 пайызға артуымен қамтамасыз етілген. Қырғызстанның ЕАЭО мемлекеттерімен импортының серпіні 1.1.15-суретте берілген.

1.1.15-сурет. 01.01.2019 жылы Кыргызстанның ЕАЭО елдерінен импорт серпіні.




Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитеті

Импорттық түсімде негізгі серіктес мемлекеттер – Қытай (аяқ киім – 324,4 млн. долларға, синтетикалық материалдар - 50,4 млн. долларға, киім және киім жабдықтары - 221,6 млн. долларға, электрлі машиналар және жабдықтар - 186,8 млн. долларға), Ресей (мұнай өнімдері - 241,4 млн. долларға, өсімдік майлары –21,8 млн. долларға, жол және құрылыс техникасы - 16,6 млн. долларға, көлік құралдарына арналған шиналар - 10,3 млн. долларға), Қазақстан (цемент - 10,1 млн. долларға, тас көмір –15,1 млн. долларға, су, минералды және газдалғанды қосқанда – 22,0 млн. долларға, бидай ұны - 11,7 млн. долларға), Түркия (киім және киім жабдықтары - 98,4 млн. долларға, жиөаз және оның бөлшектері - 3,3 млн. долларға, аяқ киім - 16,4 млн. доллар), Өзбекстан (жемістер мен жаңғақтар - 36,0 млн. долларға, көкөністер - 7,5 млн. долларға, ерлерге тоқыма киім - 3,1 млн. доллар).

Экспорттық жеткізілімнің анағұрлым үлкен көлемі Ұлыбритания (алтын - 543,6 млн. АҚШ доллары), Ресей (киім - 113,3 млн. долларға, мақта талшығы - 10,4 млн. доллар, аяқ киім - 14,6 млн. доллар), Қазақстан (кен және бағалы металл концентраттары - 88,9 млн. долларға, сүт өнімдері - 13,9 млн. долларға, аяқ киім - 7,5 млн. доллар), Түркия (мақта талшығы - 11,4 млн. долларға, көкөністер мен жемістер - 19,4 млн. долларға) және Өзбекстанға (электр энергиясы - 16,2 млн. долларға) тиесілі.

1.1.16-сурет. 01.01.2019 жылы Кыргызстанның ЕАЭО мемлекеттеріне экспорт серпіні.



Дереккөз: Кыргыз Республикасының Ұлттық статистика комитет

Қыргызстанмен өзара сауда және оның құрылымы туралы мәліметтің сараптамасы Қазақстан кәсіпкерлеріне бизнесті дамыту және әртараптандыру бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

1.1.4. Қырғызстанда 2018 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын реттеу және кәсіпкерлікті қолдау механизмдері

Қырғыз Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттейтін мемлекеттік орган – Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі.

1.1.1-кірістірме.
Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі
72002 Бішкек, Шу даңғылы, 106.
Тел. +996 (312) 62-05-90, +996 (312) 62-05-90
Кәсіпкерлік қызметті реттеу басқармасы
+996 (312) 62-49-85
e-mail: mail@mineconom.gov.kg; http://mineconom.gov.kg/

Реттеудің жүйелік талдауы. Қырғыз Республикасының Экономика министрлігі (ары қарай – Министрлік) 2015 жылдың наурыз айында Қырғызстанда бизнес жүргізуге бөгет болып отырған кедергілерді анықтауға бағытталған реттеуші, тиісінше мемлекеттің экономикалық дамуына сеп болатын «Реттеудің жүйелік талдауы» реформасын іске қосты.

Реформаның мақсаты – кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық базаны жеңілдету, Қырғызстандағы инвестициялық ахуалды түбегейлі өзгерту, жемқорлықты азайту, ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау.

Реформаның мәні Қырғызстанда кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамалық актілердің қайталанатынын, мағынасыз және анағұрлым түйткілділерінен арылу.

Қырғызстан үшін реттеуші реформаны жүргізуден негізгі пайда:

- әлеуетті инвесторлар, бизнес-қоғамдастықтар мен қоғамдастықтар үшін Қырғыз Республикасының Үкіметі барлық мемлекеттік органдармен бірлесе отырып кең ауқымды тиімді реттеуші реформаны жүргізіп отырғаны туралы қуатты саяси серпіліс;
- кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық база бизнес пен инвестициялар үшін жемқорлық мүмкіндігін қысқарта отырып, анағұрлым қолайлы жағдай туғыза, жеңілдетіледі;
- мемлекеттік басқару жүйесі айтарлықтай жеңіл әрі тиімді етіп құру (мүмкін, қажет емес функцияларды алып тастауды қайта қарау бойынша ұсыныстар болады);
- артық күрделі ережелерді жеңілдету және лауазымды тұлғаларға берілген әрекеттің шамадан тыс еркіндігін шектеу жолымен сыбайлас жемқорлыққа арналған мүмкіндіктерді қысқарту;
- іске қосылған 34 мемлекеттік органда реттеуші реформаны бірқатар заманауи үрдістермен жүргізуде оқытылған және тәжірибесі бар дайын сарапшылардың штаты құрылды;
- мемлекет пен бизнес арасында мемлекеттік-жекеменшік диалогын нығайту.

Реформаның барысы. Реформалау барысының өзі үш кезеңнен тұрады: нормативті-құқықтық актілерді түгендеу; оларды сараптау және Үкіметке нақты нормативті-құқықтық актілерге қатысты бағалау мен ұсыныс беру, өзгерту немесе сол күйінде қалдыру.

2019 жылдың наурыз айынан бастап мемлекеттік органдар нормативті-құқықтық актілерді жаппай түгендеу жұмысына кірісіп кетті, әрбір нормативті-құқықтық актінің заңдылығы, негізділігі, сыбайлас жемқорлық механизмдерінің бар-жоқтығы мен бизнеске қолайлығы сарапталынады. Артық немесе тиімділігі жоқ құқықтық актілерді алып тастауға ұсынады.

Түгендеу және тиісті ұсынымдарды дайындауға мемлекеттік органдардың өздері де, мемлекеттік органдар берге ұсыныстарды қарастыратын жеке сектор да қатысады, мүдделі тараптармен талқылаулар өткізеді, қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерді түгендеу, сараптау және бағалауға қатысады және жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша өз ұсыныстарын енгізеді.

Бұл мемлекет пен бизнестің бірлескен әрі екі тараптың да мүддесін ескеруге мүмкіндік беретін әрекет

болмақ. Нәтиже үшін тікелей жауапкершілікті министрліктер мен ведомстволардың басшылары алады, сондықтан әрбір нормативті құжатты егжей-тегжейлі зерделеуге қатыстыруға өздері мүдделі. Қырғызстанда мұндай кешенді түгендеу алғаш рет жүргізіліп отыр.

Жүргізіліп отырған реформаның субъектілері:

- кеңесші орган болып саналатын Премьер-министр Реттеуші реформа жөніндегі кеңеске жетекшілік етеді
- Кеңес хатшылығы Экономика министрлігі;
- Кеңестің жұмысшы органы – Реттеуші реформа бойынша орган;
- 33 мемлекеттік орган;
- Бизнес-қоғамдастық.

Реформа түгелдей 3 кезеңнен өтті:

1-кезең – кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативті-құқықтық актілерді түгендеу, кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативті-құқықтық актілердің толық тізімін жасау.

Аталған кезеңде:

- 34 мемлекеттік органнан жұмыс тобының 84 мүшесі түгендеу жүргізу және «Е-гильотина» мәліметтер базасын толтыру бойынша оқытылды, 34 мемлекеттік органда жұмыс тобы құрылды;
- 72 127 құжат бастапқы сараптаудан (түгендеу) өтті;
- Жұмыс топтары 1 487 құжатты анықтады;
- Бизнес-қоғамдастықтар мен сарапшылар 864 құжатты толықтырды;
- Нормативті-құқықтық актіні түгендеу барысында 1996 әкімшілік процедура анықталды;
- 247 әлеуетті әкімшілік процедура басымдықпен сараптау және бағалауға жатады.

Осылайша, бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша Кеңес кәсіпкерлік қызметті реттейтін 1068 нормативті-құқықтық актілердің, оның ішінде 3388 құжаттың тізімін бекітті.

2-кезең – бизнеске негізсіз кедергі келтіретін нормативті-құқықтық актілерді анықтау үшін мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастықтың нормативті-құқықтық актілерді терең талдауы мен бағалауы, әрбір нормативті-құқықтық актінің заңдылығын, қажеттілігін, бизнеске тілектестігіне сәйкестігін бағалау, сыбайлас жемқорлыққа жақындығын алып тастау;

Бұл кезеңде қатыстырылған 34 мемлекеттік орган Кеңестің жұмысшы органымен бірге нормативті-құқықтық актілерге талдау және бағалау жүргізді.

3-кезең – Реттеуші реформа жөніндегі бөлімнің бизнесті жүргізу кезінде шығынды азайтуға бағытталған ұсыныстарды зерделеу және дайындау, бұл мемлекет пен жеке сектордың шығынын қысқартуға, инвестициялауға және экономикалық дамуды қамтамасыз етуге арналған ресурстарды босатуға мүмкіндік береді.

Бүгінде аталған сараптаманың қорытындысы бойынша Реттеуші реформа жөніндегі кеңес 1068 нормативті актілерге ұсыныстарды қабылдады және 261 актінің күшін жоғалтқан деп тануға, 209 нормативті актіген өзгертулер енгізуге, қалғандарын өзгертпей қалдыруға бағыттады.

Сарапшылардың бағалауынша берілген ұсыныстарды жүзеге асырудан экономикалық пайда 2 354,6 млн сом көлеміндегі үнемдеуді құрауы мүмкін, бұл біздің кәсіпкерлерге шамамен 10,8 млн сағатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Төрағасы Қырғыз Республикасының Премьер-министрі болып саналатын Реттеуші реформа жөніндегі кеңес аталған ұсыныстар 2016 жылдың 7 шілдесі, 13 желтоқсанында, 2017 жылдың 8 маусымы мен 1 желтоқсанында қабылдады.

«e-Guillotine». Осындай күрделі, кешенді жоба үшін Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымының (EUIP) орталығы «Jacobs, Cordova&Associates» халықаралық компаниясын шақырта отырып, ауқымды техникалық және сарапшылық қолдау көретті. Аталған фирма әлемде реттеуші реформа саласындағы озық ұйым және «e-Guillotine» арнайы бағдарламасын құрастырушы болып саналады. Бұл әдіс заңнаманы қайта қарау және экономикалық тұрғыда пайдасыз және қолайсыз механизмдерді анықтау бойынша анағұрлым тиімді әрі жедел құрал.

«e-Guillotine» әдісі – әрбір нормативті-құқықтық актіге құжаттама енгізілген, белгілі бір өлшем (заңдылық, мақсаттылық, бизнеске тілектестігі, сыбайлас жемқорлық жолдарының болуы және т.с.с) бойынша сараптау жүргізуді қарастыратын, орын алуы мүмкін шығындарды қоса алғанда экономикалық пайдалылығын баға-

лау, мониторинг және т.б. қарастырылатын барлық нормативті-құқықтық актілердің тізілімі.

Бұл 12 мемлекетте сәтті қолданылған, 25 мыңнан астам нормативті-құқықтық актілерді қысқартуға және алып тастауға көмектесті, бұл бизнеске бір жылда 7,8 млрд доллардан астам қаражатты үнемдеуге мүмкіндік берді. Нақты ақпаратты <http://sar.kg/> сайтынан білуге болады.

Бизнеске қызмет көрсету орталығы. Қырғыз Республикасы Жоғары Кеңесінің 2018 жылы 20 сәуірдегі № 2377-VI қаулысымен бекітілген Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Бірлік, сенім, жасампаздық» бағдарламасы аясында дамыту бойынша Министрлікпен бірге (ИСА және ЕЫҚҰ) қазіргі таңда Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының қызметін құру және ұйымдастыру тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулының жобасы дайындалды, оған сәйкес кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын (ары қарай – КҚКО) ашу жоспарланып отыр.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары кәсіпкерлік жүргізу мәселелеріне қатысты ақпарат пен кеңес беру арқылы кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді, сондай-ақ кәсібін енді бастағандарды оқытады, мемлекеттік және басқа да қызметтерді көрсетеді.

Кәсіпкерлік субъектілер саны барынша толық қамту үшін Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын Қырғыз Республикасының барлық өңірінде құру жоспарланған. Бастапқы кезеңде Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығын Бішкек қаласында құра жоспарда бар, ал одан кейін сондай орталықтарды елдің әр өңірінде ашу көзделген.

Бизнес-омбудсмен. Мұнымен қоса, кәсіпкерлердің құқығы мен заңды мүддесін мемлекеттік қорғаудың және мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер мемлекеттік кәсіпорындар және лауазымды тұлғалардың соны сақтауының кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Еуропалық Қайта құру және Даму банкінің қолдауымен Экономика министрлігі Қырғыз республикасы Үкіметінің «Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқығын қорғайтын уәкілетті тұлға (Бизнес-омбудсмен) туралы» қаулының жобасын дайындады.

Бизнес-омбудсмен сыбайлас жемқорлық істерді және/немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарының және/немесе заңды мүдделерінің бұзылуын болдырмау мақсатында мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығына көмектеседі.

Қаулының аталған жобасы министрліктер мен ведомстволарға мақұлдауға жолданды. Мақұлдау процедурасын жүргізген соң белгіленген қаулы жобасы Қырғыз Республикасы Үкіметінің Аппаратына қарауға жолданады.

Мұнымен қоса, Қырғыз Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайын кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды шешу механизмін енгізу, дауларды шешудің баламалы механизмдерін дамыту және олардың қолданулы саласын кеңейту арқылы экономиканың дамуына ықпал ету жолымен жақсарту мақсаты да қарастырылған. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру – Қырғыз Республикасының басты стратегиялық бағыттарының бірі, «Қырғыз Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне (Қырғыз Республикасының «Қырғыз Республикасындағы инвестициялар туралы», «Қырғыз Республикасындағы аралық сот туралы», «Медиация туралы» заңдары) өзгертулер енгізу туралы» Қырғыз Республикасының Заң жобасы дайындалды.

Аталған заң жобасын қабылдау Қырғыз Республикасының Аралық сотына кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік органдар арасындағы салық дауларын қарауға, сондай-ақ судьялар мен арбитрлар үшін тараптарға міндеттеме бекіту бөлімінде тараптар арасында бейбіт келісім жасау институтының бар екені туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

Экономика министрлігі Қырғыз Республикасы Үкіметінің «Кәсіпкерлік қызмет жағдайын төмендетуге бағытталған норманы қарастыратын заң шығаратын қызмет бойынша тыйымды (мараторий) енгізу туралы» қаулысының жобасын (ары қарай – қаулы жобасы) дайындады. Бұл қаулы кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық қызметін жүзеге асырғанда жағымсыз факторларды қоюға бағытталған Қырғыз Республикасының нормативті құқықтық актілерін қабылдауға тыйым салуды енгізу арқылы кәсіпкерлік субъектілердің экономикалық қызметіне қолдау көрсету мақсатында әзірленген.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар кәсіпкерлік қызметті реттеуге бағытталған біршама нормативті құқықтық актілерді дайындау үстінде. Көбінде нормативті актілердің көптеген жобасы кәсіпкерлік қызметті

жүргізуді қиындатуға бағытталған, оның салдарынан кәсіпкерлік субъектілері экономикалық қызметті жүргізуде қиындық көреді, бұл өз кезегінде Қырғыз Республикасының инвестициялық тартымдылығына кері әсер етеді.

Бүгінде Қырғыз Республикасы Үкіметінің негізгі бағыттары – кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қолайлы жағдай жасау.

Осыған орай, Қырғыз Республикасында кәсіпкерлік субъектілер қызметінің жағдайын төмендетуге бағытталған нормативтік актілер жобаларының қабылдануына тыйым салу қажет.

Кәсіпкер күні. Қырғыз Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 20 қазандағы №630 қаулысына сәйкес, 20 қыркүйек жыл сайын атап өтілетін кәсіби мереке – Қырғыз Республикасы кәсіпкерінің күні ретінде тіркелген.

Осыған байланысты Экономика министрлігі жыл сайын Қырғыз Республикасының Премьер-министрінің қатысуымен Қырғыз Республикасы кәсіпкерлерінің күніне орайластырылған ісшара өткізеді.

Тексерулерді бақылау. Кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізуге құқығы бар уәкілетті органдардың ТІЗІМІ:

1. Қырғыз Республикасы Үкіметі анықтайтын әкімшілік сақтандыру жарнасы саласындағы әкілетті мемлекеттік орган;
2. Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік монополияға қарсы реттеу агенттігі;
3. Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік отын-энергетикалық кешенді реттеу бойынша агенттігі;
4. Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қаржы нарығын реттеу және қадағалау қызметі;
5. Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік жөніндегі инспекциясы;
6. Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік экологиялық және техникалық қауіпсіздік жөніндегі инспекциясы;
7. Қырғыз Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы құнды металл департаменті;
8. Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті;
9. Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ауруды алдын алу және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті;
10. Қырғыз Республикасы Ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі және мелиорация министрлігі Эитл спирті, алкоголь және құрамында спирті бар өнімдердің өндірісі мен айналымын реттеу, бақылау жөніндегі басқармасы.

Министрлік www.proverka.gov.kg веб-сайтының базасында кері байланыстың автоматтандырылған қосымшасын іске қосты. Кері байланыс механизмін ендірудің мақсаты – келешекте жақсарту үшін кәсіпкерлерден инспекция жұмысы туралы жедел әрі объективті бағалау алу.

Тарау бойынша пайдаланған дереккөз тізімі:

1. Қырғыз Республикасының ұлттық статистика комитеті. <http://www.stat.kg/ru/>.
2. Қырғыз Республикасының 2018 жылдың қаңтар-желтоқсандағы әлеуметтік-экономикалық ережесі. Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитетінің ай сайынғы шолуы. Бішкек, 2018
3. 2018 жылдың 12 айында Қырғыз Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері. Қырғыз Республикасы Ұлттық статистика комитетінің 2018 жылы 1 желтоқсандағы Жедел ақпараты.
4. Қырғыз Республикасы Экономика министрлігінің ресми сайты – <http://mineconom.gov.kg/ru/>

1.2



Армения Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуының көрсеткіштері



1.2.1. Армения Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдайы

Армения Республикасының Статистикалық комитеті мен Экономика министрлігі 2018 жылдың қаңтар-қарашасы үшін алдын ала мемлекеттің макроэкономикалық көрсеткішін жариялады.

2018 жылдың төртінші тоқсанындағы қорытынды бойынша экономикалық белсенділік¹ көрсеткіші 105,7%-ды құрады, 1.2.1-кестені қараңыз.

1.2.1-кесте. 2018 жылы қаңтар-қарашасында Армения Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі көрсеткіштер, ағымдағы бағада.

Негізгі көрсеткіштер	Қаңтар-қараша 2018	2017 жылдың қаңтар-қарашасымен салыстырғанда, %
Экономикалық белсенділік көрсеткіші, %	-	105,7
Өнеркәсіптік өнім көлемі, млн. драм	1563398,5	104,1
Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі, млн. драм	795319,5	91,9
Құрылыс көлемі, млн. драм	335746,0	105,5
Сауда айналымы, млн. драм	2570593,8	109,2
Қызмет көлемі (сауда қоспағанда) млн. драм	1583272,4	118,4
Тұтынушылық баға индексі, %	-	102,6
Электр энергия өндірісі, млн. кВт.сағ.	7105,4	102,4
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	6723,6	119,1
- тауар экспорты, млн. АҚШ доллары	2202,3	109,8
- тауар импорты, млн. АҚШ доллары	4521,3	124,2
Орташа айлық кесімді еңбекақы, драм	168799	103,9

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Армения экономикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы және жыл басынан бергі экономикалық белсенділік көрсеткішінің серпіні 1.2.2-кестеде көрсетілген. Кестеде берілгендей, аталған көрсеткіш бірінші тоқсанда ең жоғары мәнге ие болды және 2018 жылдың төртінші тоқсанында айтарлықтай төмендеді. Индекстің құлдырауы 2018 жылдың тамызы мен қыркүйегінде орын алды және егін шықпағандықтан, ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемінің азаюымен байланысты болды.

1.2.2-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасындағы экономикалық белсенділік көрсеткіші, %.

Уақыттық кезең	Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (%)	Өткен кезеңмен салыстырғанда (%)
Қаңтар	111,6	111,6
Ақпан	108,8	110,1
Наурыз	110,9	110,4
Сәуір	107,1	109,5
Мамыр	105,5	108,6
Маусым	109,8	108,8
Шілде	111,1	109,2
Тамыз	100,5	107,7
Қыркүйек	99,8	106,4
Қазан	103,0	106,0
Қараша	103,6	105,7

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

¹ Экономикалық белсенділік көрсеткіші (ЭБК) мемлекеттің экономикасында өнім шығарудың нақты көлеміндегі айлық өзгерістің біріктірілген көрсеткішін береді. Ол экономикалық қызметтің барлық түрін қамтиды және бастапқыда өткен жылдың орташа жылдық бағасымен есептеледі, бұл өнім шығарудағы нақты көлемінің өткен айға осы айдағы, және өткен жылдың сәйкес айына өзгеруін анықтауға, сондай-ақ тізбекті индекстердің серпінді қатарын құруға мүмкіндік береді. Ол тұтас экономика үшін әр ай үшін индекс түрінде бірыңғай біріктірілген көрсеткішті береді.

Өнеркәсіп. Өнеркәсіптік өндіріс серпіні Армения экономикасының өсуіндегі негізгі драйверлерді бірі болып қала береді, 1.2.3-кестені қараңыз. Қазіргі таңда өнеркәсіп ең алдымен, өңдеу өнеркәсібінің дамуымен қолдау тауып отыр, қарашадағы өсім +9,6% пайызды жыл жылға құрады. Атап айтқанда, азық-түлік өнімі өндірісі өсімінің есебінен күнтізбелік жылда саладағы өсу 9,4%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы көлемінде азық-түлік өнімдерінің өндірісі 30%-дан астам, 1.2.4-кестені қараңыз.

1.2.3-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасындағы өңдеу өнеркәсібінің көлемі

	Өндірілген өнім көлемі, ағымдағы бағада, млн. драм	%	
		Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Өткен кезеңде
Қаңтар	128 254.6	113.9	75.0
Ақпан	126 448.9	103.3	100.4
Наурыз	145 811.3	108.2	117.5
I тоқсан	400 514.8	108.2	83.4
Сәуір	121 600.3	96.3	84.4
Мамыр	136 133.6	96.9	113.3
Маусым	146 777.4	105.6	105.8
II тоқсан	404 511.3	99.7	104.0
Қаңтар-маусым	805 026.1	103.7	X
Шілде	149 541.1	107.3	103.4
Тамыз	144 332.1	105.4	97.4
Қыркүйек	145 875.5	100.9	100.9
III тоқсан	439 748.7	104.5	109.9
Қаңтар-қыркүйек	1 244 774.8	104.0	X
Қазан	163 976.0	108.1	111.0
Қараша	154 647.7	101.1	93.2

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.4-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасындағы экономикалық қызмет² түрлері бойынша өнеркәсіптік өнім өндірісі (ағымдағы бағаларда)

	2018 ж. Қаңтар-қараша, млн. драм	% Қаңтар-қараша 2017 ж.
Барлық өнеркәсіп	1 563 398.5	104.1
оның ішінде:		
Тау-кен қазу өнеркәсібі және ашық карьерлерді өндіру	273 446.8	85.7
оның ішінде:		
металл кенін өндіру	260 927.2	83.8
Тау кен қазу өнеркәсібінің басқа да салалары	10 298.0	145.2
Пайдалы қазбаларды өндіру бойынша қызмет көрсету	2 221.6	2.5 раз
Өңдеу өнеркәсібі	1 031 958.3	109.6
оның ішінде:		

² Более подробная информация о производстве промышленной продукции, по основным видам деятельности, приводится в статистическом бюллетене "Основные показатели промышленных организаций по видам экономической деятельности" (код бюллетеня 1210-201).


тамақ өнімдерінің өндірісі	294 817.1	109.4
сусын өндірісі	138 869.8	101.6
темекі өнімдерінің өндірісі	155 729.2	109.0
тоқыма өндірісі	683.8	122.4
киім өндірісі	19 778.9	140.9
полиграфиялық қызмет және ақпаратты жазба таратылуын тираждау	16 915.6	128.4
химия өнеркәсібінің өндірісі	15 007.1	145.7
фармацевтика өнімінің өндірісі	8 593.1	101.3
резина және пластмасса бұйымдарының өндірісі	31 565.1	113.1
басқа да металл емес минералды өнімдердің өндірісі	57 158.6	139.8
негізгі металл өндірісі	161 692.7	96.4
дайын металл бұйымдарының өндірісі	12 717.8	113.8
компьютер, электронды және оптикалық жабдық өндірісі	8 620.4	122.3
электрлі жабдық өндірісі	13 445.5	76.7
басқа топқа қосылмаған машина мен жабдық өндірісі	4 339.5	154.6
жиһаз өндірісі	4 225.0	150.2
зергерлік бұйым өндірісі	45 998.7	118.3
Электр энергиясы, газ, бу және бапталған ауамен жабдықтау	234 409.6	106.9
оның ішінде:		
Электр энергиясының өндірісі, оны беру және тарату	194 599.2	108.1
Газбен жабдықтау жүйесі арқылы газ тәрізді отынды тарату	39 810.4	100.9
Сумен жабдықтау, қалдықтарды тазалау, өңдеу және екінші ретті шикізат алу	23 583.8	97.3
оның ішінде:		
Су жинау, өңдеу және тарату	14 729.6	99.6
Ағын суды жинау және өңдеу	2 335.0	98.2
Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, екінші реттік шикізат алу	6 519.2	92.2

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Металлургия өндірісінде нашар көрсеткіш орын алған (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,6%-ға төмендеген), бұл өңдеу өнеркәсібінің жалпы көлеміндегі үлесі шамамен 16%, 1.2.1.1. және 1.2.1.2-суретке қараңыз. Өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемі 154,6 млрд драм деңгейінде бағаланды.


Армения Республикасы Статистика комитетінің ақпараты бойынша кестедегі барлық көрсеткіш ағымдағы бағамен берілген, сондықтан салыстырмалы бағада өнеркәсіптің өсу қарқыны көрсеткіші төмендеуге қарай түзетіледі.

1.2.1-сурет. Өнеркәсіптік өнімнің өндіріс секторлары бойынша құрылымы, қаңтар-желтоқсан, 2018ж.



Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті..

1.2.2-сурет. Өңдеу өнеркәсібінің өндіріс секторы бойынша құрылымы, қаңтар-қараша, 2018 ж.



Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Ауыл шаруашылығы. 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша 11 айда Армения Республикасында ауыл шаруашылығы өнімі жалпы сомасы 827,3 млрд драмға өндірілген, 1.2.5. және 1.2.6-кестелерді қараңыз.

Ресми статистика мәліметі бойынша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 7,9%-ға қысқарған. Өндіріс өсімі қарқынының төмендеуіне 2017 жылдың тамыз-қыркүйегіндегі базаның жоғарылығы мен 2018 жылы егіннің шықпауы әсер етті.

1.2.5-кесте. 2018 жылы төртінші тоқсанда Армения Республикасындағы ауыл шаруашылығы және балық аулау кәсібінің жалпы өнімі.

	қараша 2018 ж., барлығы, млн. драм	%		Қаңтар-қараша 2018 ж. барлығы, млн. драм	Қаңтар-қараша 2018 ж. 2017ж. қаңтар-қарашасына, %
		қараша 2017 ж.	қазан 2018 ж.		
Ауыл шаруашылығы және балық аулау кәсібінің жалпы өнімі, барлығы	80 004.6	92.2	62.7	827 312.4	92.1
оның ішінде:					
ауыл шаруашылығы ³	75 654.8	91.7	61.0	795 319.5	91.9
оның ішінде:					
өсімдік шаруашылығы ⁴	14 491.0	75.2	x	409 822.2	87.8
мал шаруашылығы	61 163.8	98.2	x	385 497.3	97.2
балық аулау кәсібі	4 349.8	102.3	136.6	31 992.9	100.9

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.6-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен индексі

	Барлығы, ағымдағы бағанда, млн. драм	%	
		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге
Қаңтар	17 535.7	99.6	18.8
Ақпан	27 796.4	100.2	158.8

³ Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімінің өндіріс көлемі туралы нақты ақпаратты тоқсан сайын жариялау ұйғарылған.

⁴ Аталған көрсеткішке жерді өңдеу – жерді дайындау, егін егу және т.б. қызмет көлемі кіреді.

Наурыз	35 021.7	105.3	125.9
I тоқсан	80 353.8	102.2	22.9
Сәуір	49 101.3	102.1	143.8
Мамыр	50 843.9	100.1	141.9
Маусым	89 450.2	114.0	216.1
II тоқсан	189 395.4	106.7	266.6
Қаңтар - маусым	269 749.2	105.5	х
Шілде	93 485.5	102.1	124.0
Тамыз	101 404.4	83.3	125.2
Қыркүйек	130 420.1	82.3	150.7
III тоқсан	325 310.0	87.7	234.3
Қаңтар - қыркүйек	595 059.2	95.2	х
Қазан	124 605.5	77.9	92.2
қараша	75 654.8	91.7	61.0

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Арменияның ауыл шаруашылығы саласында негізінен шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді. Республикада шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға арнап ауыл шаруашылығы индірушілерін қаржылай және қаржылай емес қолдау бағдарламалары дайындалған. Қаржылық бағдарламаларға жататындар:

- Ауыл шаруашылығын дамыту қоры жүзеге асыратын қаржылай қолдау бағдарламалары;
- Арменияның ауылдық аудандарын дамыту қоры жүзеге асыратын қаржылай көмек бағдарламалары;
- Ауылдық аудандарды қаржыландыру қоры жүзеге асыратын қаржылай қолдау бағдарламалары;
- «УМКО «МСП Инвестментс» ЖШҚ жүзеге асыратын қаржылай қолдау бағдарламалары;
- Армения ұлттық шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту орталығы жүзеге асыратын қаржылай қолдау бағдарламалары;
- Армения дамыту қоры іске асыратын экспортқа бағытталған несие бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау бағдарламасы.

Жобаны Арменияның Экспорты сақтандыру жөніндегі агенттігі іске асырады. Тамшылатып суару технологиясын енгізетін жобалар, интенсивті бақтарды құрудың заманауи технологиясын қолдану бойынша жобалар, Армения Республикасында жергілікті дәндер, дәнді және бұршақты дәндер селекциясын өндіріс дамыту жобалары субсидияланады. Заманауи ауыл шаруашылығы техникасын алуға қаржылай лизингтің бағдарламалары кеңінен қолданылады.

2018 жылы қарақұмық, жүгері, арпа, бұршақ және жоңышқаны өсіру бойынша арнайы бағдарлама жүзеге асырылды.

Армения ауыл шаруашылығы ресурстарын басқару және бәсекеге қабілеттілігі бойынша CARMAC және ENPARD секілді жобалар халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылуда.

CARMAC бағдарламаларының негізгі мақсаттары – нысаналы қоғамдастықтарда мал шаруашылығы жүйелері мен жайылымдарда өндірімділікті және тұрақтылықты арттыру, сондай-ақ таңдалып алынған азық-түлік өнімдері өндірісінің жоғары бағалы тізбегінде өндіріс пен өткізу көлемінің өсімін қамтамасыз ету. Жоба аясында құрастырылған шараларды 2015-2019 жылдарда жүзеге асыру жоспарланған.

Жобаның жалпы құны 42,67 млн. АҚШ доллары, оның ішінде:

- 9,67 млн. – Халықаралық даму қауымдастығының қарызы;
- 23 млн. АҚШ доллары – Халықаралық қайта құру және даму банкінің қарызы
- 2,275 млн. АҚШ доллары және 7,72 млн. АҚШ доллары – бенефициарлардың ортақ қаржыландыруы.

Армения Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ауылдық жерлерде өмір сүру жағдайын жақсартуға ықпал ететін тиімді әрі тұрақты ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету үшін Еуропалық көршілестік

ауыл шаруашылығын және ауылдық қауымдарды дамыту бағдарламасына (ENPARD) қолдау білдіріп отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (UNIDO), Біріккен ұлттар ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) (ENPARD) бағдарламасы аясында Ауыл шаруашылығы министрлігі, жергілікті билік органдары және басқа да мүдделі тараптармен тығыз ынтымақтаса отырып, Армения Республикасының үкіметіне техникалық қолдау білдіруде.

UNIDO және БҰҰДБ өндірушілер тобын құру және нығайту үшін, оларды қосылған құн тізбегін дамытуға тиімді тарту үшін бірлесіп күш салып отыр, ал ФАО саясаттың⁵ институционалды дамуы мен үйлестірілуі үшін Ауыл шаруашылығы министрлігіне техникалық көмек көрсетіп келеді.

Құрылыс. 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша қаңтар-қарашада Армениядағы құрылыс жұмысының көлемі 335,7 млрд драмды құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,5%-ға жоғары, 1.2.6-кестені қараңыз. Құрылыстың анағұрлым қарқынды өсімі 2018 жылдың қаңтар-сәуір айларында байқалған, 1.2.7-кестені қараңыз.

1.2.6-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасында қаржыландыру көздері бойынша құрылыстың көлемі

Қыржыландыру көздері	Қараша 2018 ж.			Қаңтар-қараша 2018 ж.		
	Құрылыс, млн. драм (ағымдағы бағада)	жалпы қорытындыға, %	2017 жылдың тиісті кезеңінде, %	Құрылыс, млн. драм (ағымдағы бағада)	жалпы қорытындыға, %	2017 жылдың тиісті кезеңінде, %
Барлығы	46 991.7	100	100.2	335 746.0	100	105.5
оның ішінде есебінен:						
Мемлекеттік бюджет	7 331.6	15.6	67.2	90 171.7	26.9	116.5
одан:						
Халықаралық несиелер	5 068.7	10.8	79.3	58 976.7	17.6	116.9
оның ішінде::						
Дүниежүзілік банк	1 042.3	2.2	93.4	18 505.5	5.5	143.1
Еуропалық қайта құру және даму банкі	723.4	1.5	225.6 раз	3 410.5	1.0	3.9 раз
Еуропалық инвестициялық банк	542.3	1.2	103.8	6 340.4	1.9	116.3
Азиялық даму банкі	1 213.2	2.6	32.5	17 306.2	5.2	134.2
Германияның даму банкі	-	-	-	470.8	0.1	78.4
Ресей Федерациясының басқалар	1 012.1	2.2	187.1	4 360.6	1.3	84.6
Қауымдық қаражат	535.4	1.1	113.3	8 582.7	2.6	68.1
Гуманитарлық көмек қаржысы	685.4	1.5	93.3	5 329.1	1.6	104.2
оның ішінде:						
«Айастан» жалпы армениялық қоры	595.7	1.3	123.1	5 751.8	1.7	104.0
Армениялық шіркеудің жәрдем жинауынан	38.3	0.1	10.7 раз	553.9	0.2	125.2
басқалар	381.0	0.8	6.7 раз	2 050.6	0.6	106.4
Мекемелер қаржысы	176.4	0.4	41.7	3 147.3	0.9	99.7
оның ішінде:	27 370.1	58.2	110.4	147 093.7	43.8	98.0
шетелдік инвесторлар	2 331.9	5.0	82.8	15 205.7	4.5	40.0
Халық қаржысы	11 008.9	23.4	110.2	87 399.7	26.0	109.1

⁵ Еуропалық көршілестік ауыл шаруашылығын және ауылдық қауымдарды дамыту бағдарламасына (ENPARD)

1.2.7-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасындағы құрылыс, құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі мен индекстері

	Құрылыс			Құрылыс-монтаж жұмыстары		
	барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	%		барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	%	
		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге
Қаңтар	9 333.7	119.7	10.6	8 368.0	124.0	11.3
Ақпан	12 309.3	125.1	129.9	9 944.5	114.6	117.2
Наурыз	22 878.9	123.2	194.4	18 785.3	109.9	197.0
I тоқсан	44 521.9	123.0	24.7	37 097.8	114.0	23.9
Сәуір	20 237.7	119.2	88.1	17 444.4	115.8	92.6
Мамыр	28 929.0	108.8	142.4	25 586.7	108.2	146.2
Маусым	34 102.3	104.2	117.6	29 585.0	101.0	115.4
II тоқсан	83 269.0	109.1	186.4	72 616.1	106.8	195.2
Қаңтар - маусым	127 790.9	113.5	х	109 713.9	109.1	х
Шілде	34 944.0	100.5	102.2	32 259.6	102.5	108.7
Тамыз	40 802.7	101.6	117.0	37 294.0	97.9	115.8
Қыркүйек	42 370.0	103.5	104.4	37 362.8	99.4	100.7
III тоқсан	118 116.7	102.0	142.1	106 916.4	99.8	147.5
Қаңтар - қыркүйек	245 907.6	107.6	х	216 630.3	104.2	х
Қазан	42 846.7	100.4	101.7	39 634.6	107.3	106.6
Қараша	46 991.7	100.2	109.0	42 049.0	100.6	105.5

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Сауда. 2018 жылдың 11 айында сауда айналымы 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,2%-ға артты және 2,57 трлн драмды құрады, 1.2.7-кестені қараңыз. Сауданың анағұрлым қарқынды өсуі жылдың басында және 2018 жылдың мамырында байқалды, абсолютты өрнекте ең жоғары айналым 2018 жылдың бірінші тоқсанында белгіленген, 1.2.8-кестені қараңыз.

1.2.7-кестені. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасындағы сауда айналымы

	2018 ж. қараша, барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	в % к		Қаңтар-қараша 2018ж., барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	Жалпы қорытын- дыға, %	2018 ж қаңтар-қараша- сына. 2017 қаңтар-қараша- сына %.
		Қараша 2017 ж	Қазан 2018 ж.			
барлығы	261 796.1	105.3	99.9	2 570 593.8	100.0	109.2
оның ішінде:						
бөлшек сауда	122 384.7	100.9	97.0	1 221 572.5	47.5	101.4
көтерме сауда	126 415.3	112.0	101.7	1 231 579.5	47.9	117.0
Автокөлік саудасы ⁶	12 996.1	89.8	111.4	117 441.8	4.6	119.5

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

⁶ Аталған көрсеткішке мамандандырылған сауда нысандары арқылы автокөліктер, оның қосалқы бөлшектері мен жабдықтарын сатуды да, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету мен жөндеу кіреді.

1.2.8-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения республикасындағы сауда айналымы және индекстер

	барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	%	
		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге
Қаңтар	156 700.3	116.4	45.0
Ақпан	202 665.7	118.1	130.2
Наурыз	222 386.1	107.8	109.7
I тоқсан	581 752.1	113.5	82.1
Сәуір	209 665.4	104.2	94.8
Мамыр	234 226.9	110.7	113.4
Маусым	239 693.3	105.6	104.6
II тоқсан	683 585.6	106.9	120.5
Қаңтар - маусым	1 265 337.7	109.8	х
Шілде	251 954.9	108.8	106.9
Тамыз	262 743.7	114.9	103.6
Қыркүйек	269 975.1	108.8	101.9
III тоқсан	784 673.7	110.7	118.1
Қаңтар - қыркүйек	2 050 011.4	110.1	х
Қазан	258 786.3	105.8	95.6
Қараша	261 796.1	105.3	99.9

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Қызмет. Армениядағы кәсіпкерлікті дамытуда қызмет көрсету саласы рөл атқарады. 2018 жылдың 11 айындағы қорытынды бойынша экономиканың аталған саласында ай сайын 15%-22% деңгейінде тұрақты даму байқалған, жыл қорытындысы бойынша көрсетілген қызметтің өсу қарқыны 18,4%-ды құрады, көрсеткіштің абсолюттік мәні – 1,58 трлн драм, 1.2.9-кестені қараңыз.

1.2.9-кесте. 2018 жылдың 4-тоқсанында Армения Республикасындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша қызмет көлемі.

Қызмет түрлері	2018 ж. қараша, барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	%		Қаңтар-қараша 2018ж., барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	Жалпы қорытындыға, %	2017 ж. қаңтар-қарашасына 2018 ж қаңтар-қарашасы. %.
		ноябрю 2017 г.	октябрю 2018 г.			
Барлығы	156 512.9	117.5	92.4	1 583 272.4	100.0	118.4
оның ішінде:						
Орналастыру және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру	14 033.4	141.3	83.6	136 570.6	8.6	131.7
Мәдениет, ойын-сауық және демалыс	34 276.5	130.1	82.7	350 710.7	22.2	134.0
Білім беру	4 906.1	100.7	91.1	49 430.4	3.1	100.1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	6 968.5	123.2	96.4	67 404.6	4.3	127.1
Жылжымайтын мүлік операциясы	5 281.1	110.4	97.3	53 614.2	3.4	110.3
Ақпарат және байланыс	19 896.1	101.3	99.6	219 880.5	13.9	104.9
Көлік	19 225.5	109.0	95.2	201 078.6	12.7	111.0

Әкімшілік және көмекші қызмет	9 572.5	102.5	91.3	78 650.3	5.0	117.7
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	7 291.3	104.8	106.8	68 691.2	4.3	115.9
Қаржы және сақтандыру қызметі	32 666.0	126.5	98.2	329 926.6	20.8	118.3
Қызмет көрсету саласындағы басқа да қызметтер	2 395.9	109.1	100.0	27 314.7	1.7	118.4

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.10-кесте. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения республикасындағы қызмет көрсету көлемі және индекстер.

	барлығы, млн. драм (ағымдағы бағада)	%	
		Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге
Қаңтар	112 041.4	115.0	78.1
Ақпан	114 576.3	115.2	101.9
Наурыз	129 849.5	118.7	113.1
I тоқсан	356 467.2	116.4	x
Сәуір	130 640.5	120.6	100.5
Мамыр	139 589.5	116.9	106.5
Маусым	151 073.5	121.2	108.4
II тоқсан	421 303.5	119.6	117.6
Қаңтар - маусым	777 770.7	118.1	x
Шілде	155 879.3	121.8	103.2
Тамыз	158 811.6	120.5	101.7
Қыркүйек	164 984.2	117.8	104.0
III тоқсан	479 675.1	120.0	113.8
Қаңтар - қыркүйек	1 257 445.8	118.8	x
Қазан	169 313.7	116.6	102.8
Қараша	156 512.9	117.5	92.4

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.3-сурет. 2018 жылдың қаңтар-қарашасында Армения Республикасындағы қызмет көрсету құрылымы.



Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Армения экономикасы салаларын 2018 жылдың қаңтар-қарашасында өсу қарқыны бойынша ағымдағы бағада бөлу 1.2.11-кестеде берілген.

1.2.11-кесте. 2018 жылдың қарашасын (айлық) және қаңтар-қарашасын (үдемелі) сипаттайтын негізгі көрсеткіштер (млн. драм)

	Қараша 2018 ж.	2017 ж. қарашасына 2018 ж. қарашасы,%	2018 ж. қаза-нына 2018 ж қарашасы, %	Қаңтар-қараша 2018 ж.	2017 ж. қаңтар-қарашасына 2018 ж қаңтар-қарашасы. %.
Объем промышленной продукции	154 647.7	101.1	93.2	1563398.5	104.1
Объем валовой продукции сельского хозяйства	75 654.8	91.7	61.0	795319.5	91.9
Объем строительства	46 991.7	100.2	109.0	335746.0	105.5
Оборот торговли	261 796.1	105.3	99.9	2570593.8	109.2
Объем услуг (без торговли)	156 512.9	117.5	92.4	1583272.4	118.4

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.11-кестеде көрсетілгендей, өсу қарқыны бойынша бірінші орында – сауда, екіншіде – қызмет көрсету саласы, үшіншіде – өнеркәсіп, төртінші орында – ауыл шаруашылығы; салалар рейтингін құрылыс түйіндейді.

1.2.2. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Армения Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

Армения Республикасында кәсіпорынның көлеміне қарай кәсіпорындарды келесідей жіктеу тәсілі қолданылады, 1.2.12-кестені қараңыз.

1.2.12-кесте. Армения Республикасында кәсіпорындарды көлеміне қарай жіктеу

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жіктеу	Кәсіпорындағы жұмысшылар саны
Микро бизнес	до 9
Шағын бизнес	10-49
Орта бизнес	От 50- 249
Ірі бизнес	50-249

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Армения Республикасы Статистика комитетінің сайтында ЕАЭО мемлекеттеріне қарағанда кәсіпкердік бойынша бір тарау жеке бөлінбеген, кәсіпкерлік статистикасы салалар аралығынан қарастырылады.

Арменияда орташа алғанда бір айда 1000 бірліктен астам жеке кәсіпкерлер және 600-ден астам кәсіпорын жауапкершілік шектеулі қоғам (ЖШҚ) нысанында тіркеледі.

Бизнес-тіркелім мәліметі бойынша Арменияда 2018 жылы қараша айында жаңадан 1445 жеке кәсіпкер тіркелген, ол 2018 жылдың қыркүйегіне (1394 ЖК)қарағанда 51 бірлікке артық. Сондай-ақ жауапкершілік шектеулі қоғам нысанында жаңадан 622 жеке кәсіпкерлік субъектілері ашылған (2018 ж. қыркүйекте – 580 бірлік), 1.2.13-кестені қараңыз.

Сарапшылар ЕАЭО мемлекеттеріндегідей Арменияда да бірлескен кәсіпкерлік субъектілері мен белсенділерінің қатарында үлкен айырмашылық сақталып отырғанын атап өтті.

Мемлекеттік тізілімге сәйкес Арменияда 2018 жылдың басында шамамен 180 000 тіркелген салық төлеуші субъектісі есептелген, оның тек 106 596 (немесе 59,2%) белсенді салық төлеушіні құрады.

Аталған мәселені шеші үшін Армения Республикасының «2014 жылдың 1 қаңтарына дейін салық есебін өткізбеген компанияларды тарату және жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тізілімнен алу туралы» заң қабылданды, оның нәтижесінде 2019 жылдың 1 қаңтарына дейін 54 000 компания таратылады, бұл алдағы жылдары шағын және орта кәсіпкер статистикасына әсер етеді.

1.2.13-кесте. Армения Республикасында 01.11.2018 ж бастап 30.11.2018 ж. бастапқы тіркеу саны

Жеке кәсіпкер	1 445
Бөлімше (коммерциялық емес)	3
Бөлімше	10
Өндірістік кооператив	2
Тұтынушылық кооператив	1
Ауыл шаруашылығы кооперативі	1
Жауапкершілігі шектеулі қоғам	622
Жабық типтегі акционерлік қоғам	18
Қор	9
Қоғамдық ұйым	36
Партия	5
Мемлекеттік орган	2
Мемлекеттік коммерциялық емес ұйым	1

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.3. Армения Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы сыртқы экономикалық қызметі.

Армения Республикасы Статистика комитетінің мәліметі бойынша төртінші тоқсанның (2018 жыл қаңтар-қараша) қорытындысында мемлекеттің сыртқы сауда айналымы 6723,6 млн АҚШ долларын құрайды. 2017 жылдың тиісті кезеңіне қатысты өсім 19,1%-ды құрады. Барлық тауар айналымның 67%-ы импортқа тиесілі, экспортқа – 33%, 1.2.14-кестені қараңыз.

1.2.14-кесте. Сыртқы сауданың жинақталған көрсеткіш⁷

	Қаңтар-қараша 2018ж.	
	млн. драм	млн. долларов
Экспорт (ФОБ бағасымен)	1 063.3	2 202.3
Импорт (СИФ бағасымен)	2 183.6	4 521.3
Сыртқы сауда айналымы	3 246.9	6 723.6
Сауда теңгерімі	-1 120.3	-2 319.0
Сауда теңгерімі (гуманитарлық көмекті есепке алмағанда)	-1 080.7	-2 237.1
Сауда теңгерімі (импорт және экспорт ФОБ бағасымен)	x	-1 622.7

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Армения Республикасы Статистика комитетінің мәліметі бойынша 2018 жылдың 11 айында сыртқы сауда қызметінің құрылымында ЕАЭО және Еуропалық одақ мемлекеттерімен сауда басымдыққа ие. Арменияның басты сауда серіктесі – Ресей Федерациясы, сыртқы сауда операциясының 25%-дан астамы оның үлесіне тиесілі. Еуропалық одақ елдерінің арасынан Арменияның басты сауда серіктесі деп Болгария саналады, 1.2.15-кестені қараңыз.

⁷ Ары қарай - доллар

1.2.15-кесте. Армения Республикасының 2018 ж. төртінші тоқсандағы сыртқы сауда құрылымы

	Экспорт		Импорт			
	қаңтар-қараша 2017 ж.	қаңтар-қараша 2018 ж.	Жөнелтетін мемлекет бойынша ⁸		Тауар шығарылған мемлекет бойынша	
			қаңтар-қараша 2017 ж.	қаңтар-қараша 2018 ж.	қаңтар-қараша 2017 ж.	қаңтар-қараша 2018 ж.
БАРЛЫҒЫ	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0
оның қатарында:						
ТМД ЕЛДЕРІ	27.0	29.6	35.2	32.9	32.8	30.1
оның ішінде:						
ЕАЭО ЕЛДЕРІ	25.9	28.4	32.0	29.0	29.6	26.3
оның ішінде:						
Ресей Федерациясы	25.3	27.5	2.8	28.1	28.5	25.4
Беларусь	0.3	0.5	0.3	0.8	0.9	0.8
Қазақстан	0.2	0.4	0.0	0.1	0.1	0.1
Қырғызстан	0.1	0.0	0.1	0.0	0.0	0.0
ТМД БАСҚА ЕЛДЕРІ	1.1	1.2	3.2	3.9	3.2	3.9
оның ішінде:						
Украина	0.4	0.7	3.1	3.1	2.8	3.1
Түркіменстан	0.3	0.1	0.6	0.6	0.3	0.6
Өзбекстан	0.1	0.1	0.1	0.1	0.0	0.1
ТМД басқа да мемлекеттері	0.2	0.3	0.1	0.1	0.1	0.1
ЕО ЕЛДЕРІ	28.7	29.1	23.1	24.8	21.8	23.0
оның ішінде:						
Болгария	12.9	9.1	1.0	0.8	1.0	0.8
Германия	6.0	6.1	4.0	5.2	4.7	5.9
Нидерланды	4.0	5.3	1.7	1.8	0.8	1.1
БАСҚА ЕЛДЕР	44.3	41.3	41.7	42.3	45.4	46.9

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

Армения бұрыннан-ақ алкогольді сусындар, жемістер мен көкөніс консервілерін экспорттай отырып, бүкіл Кеңес Одағы бойынша азық-түлік өнімінің ірі жеткізушісі ретінде танылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі күрт құлдырау аграрлы-тамақ өнімдерін экспорттау саласындағы ақырындап өсумен ауысты.

2018 жылдың 11 айындағы жұмыста Армения экспортының құрылымында минералды өнімдердің саудасы басымдыққа ие – 27%, дайын азықтық өнімдер – 22%, асыл және бағалы емес тастар/металдардың әрқайсысы 13% алады. Импорт құрылымында машиналар/жабдықтар – 19% және минералды өнімдер – 14% басым, 1.2.16 – кестені қараңыз.

⁸ ЕАЭО мүше-мемлекеттер арасындағы өзара сауда ерекшеліктеріне сәйкес және осыған орай Еуразиялық экономикалық комиссия әзірлеген әдістемені назарға ала отырып, алдағы уақытта «сауда жасайтын мемлекет бойынша импорт» көрсеткішінің орнына «жөнелтетін мемлекет бойынша импорт» көрсеткіші қолданылады.

1.2.16-кесте. 2018 жылдың 4 тоқсанында Армения Республикасындағы экспорт пен импорттың тауар бөлігіне қарай көлемі, мың доллар

	Экспорт			Импорт		
	қаңтар-қараша 2017 ж.	қаңтар-қараша 2018 ж.	Өсу қарқыны, %	қаңтар-қараша 2017 ж.	қаңтар-қараша 2018 ж.	Өсу қарқыны, %
БАРЛЫҒЫ	2 004 975.0	2 202 253.9	109.8	3 640 283.3	4 521 270.7	124.2
оның ішінде:						
Тірі жануарлар және жануарлардан алынатын өнімдер	53 558.1	46 655.2	87.1	116 640.2	114 771.5	98.4
Өсімдік тектес өнімдер	56 708.0	86 303.7	152.2	163 478.3	191 028.9	116.9
Майлар және жануарлар мен өсімдіктерден алынған майлар	57.1	74.8	131.0	43 627.7	50 476.8	115.7
Дайын тамақ өнімдері	469 841.1	493 886.3	105.1	317 743.1	360 449.4	113.4
Минералды өнімдер	604 049.3	593 839.3	98.3	575 955.9	654 471.6	113.6
Химия және онымен байланысты өнеркәсіптік салалардың өнімдері	25 980.7	23 990.5	92.3	369 777.5	357 017.2	96.5
Пластмасса және одан жасалған бұйымдар, каучук және резина бұйымдар	8 873.7	13 109.9	147.7	155 844.6	180 672.5	115.9
Тері-терсек, былғары, тон-тері, және одан бұйымдар	9 904.6	13 147.4	132.7	17 727.3	22 638.9	127.7
Ағаш және ағаш бұйымдар	2 029.7	1 727.6	85.1	40 638.0	51 779.0	127.4
Қағаз және қағаз бұйымдар	971.8	1 197.5	123.2	70 644.8	82 916.7	117.4
тоқыма және тоқыма бұйымдар	125 945.3	210 596.7	167.2	239 266.8	294 211.9	123.0
аяқ киім, бас киім, қолшатыр, таяқ, өңделген қауырсын және одан бұйымдар	2 737.0	4 318.5	157.8	42 837.9	54 244.1	126.6
Тас, гипс, цементтен бұйымдар	14 968.3	22 610.7	151.1	79 057.7	87 368.7	110.5
асыл және жартылай асыл тастар, асыл металдар , одан жасалған бұйымдар	253 927.5	278 928.0	109.8	207 830.0	265 877.9	127.9
асыл емес металдар , одан жасалған бұйымдар	241 770.2	277 111.0	114.6	264 109.3	312 672.2	118.4
Көліктер, жабдықтар және механизмдер	36 918.3	39 424.4	106.8	528 170.7	852 373.1	161.4
Жер, әуе және су көлігінің құралдары	14 205.2	23 917.6	168.4	220 482.0	333 231.2	151.1
Приборлар мен аппараттар	33 465.5	48 485.6	144.9	76 638.9	109 149.7	142.4
Түрлі өнеркәсіптік тауарлар	48 303.2	22 266.3	46.1	109 554.3	145 717.4	133.0
Өнер туындылары	760.3	662.7	87.2	258.4	201.7	78.1

Дереккөз: Армения Республикасының Статистика комитеті.

1.2.4. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Арменияда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын реттеу және кәсіпкерлікті қолдау механизмдері

Армения Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саясатын Армения Республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі жүзеге асырады, 1.2.1-кірістірмені қараңыз.

1.2.1-кірістірме.

Армения Республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту департаменті

Байланыстар:

Тел. (+374 11) 59-71-35.

E-mail: korgevorgyan@mineconomy.am

<http://www.mineconomy.am/hy/86>

Армения Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саясатын (стратегиясын) зерделеу, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың және шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттік ықпал етудің жылдық жоспарын дайындау құзыреті Армения Республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігіне бекітілген. Ал оның барлығын іске асыратын негізгі құрылым Армения ұлттық шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту орталығы, Армения Республикасы Үкіметінің 2002 ж 19 наурыздағы №282 қаулысымен шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттік ықпал ету бойынша 2002 жылғы бағдарлама аясында бағдарламалық шара ретінде бекітілген.

Шағын және орта кәсіпкерліктің тұтастай қызметін Арменияның экономикалық дамуындағы басым бағыттардың бірі ретінде көре отырып, Армения Республикасының үкіметі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша қадамдар қабылдауды жалғастырып келеді, атап айтқанда – шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттен ықпал ету жүйесін дамыту. Егер өткен жылдары осы саланы дамыту саясаты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен ресурстарын сандық өсіруге көбірек бағытталса, осы жылдары шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің және жалпы осы салада білім, сапа, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға басымдық беріледі.

Таяу жылдары шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың басты мақсаты – ұйымды дамыту және кәсіпкерлік білімді тарату, қаржы ресурстарына қол жеткізу, салық жүйесін жеңілдету және жеке сектормен диалог механизмдерін жетілдіру арқылы, сондай-ақ инновациялар мен тұрақты дамуды ынталандыру арқылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілерін ішкі және сыртқы нарықтарда қызметпен қамтамасыз ету.

Іскерлік ортаны жақсарту. Армения Республикасының экономикалық дамуында негізгі рөлді атқаратын алдын ала маңызды шарттардың бірі – іскерлік және инвестициялық ортаны жақсарту, және оған жету үшін Армения Республикасының үкіметі Арменияда кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік бақылаудың қарапайым, ашық және шығын сыйымдылығы аз ортасын құруды, кәсіпкерге ықпал ететін қызмет көрсету және әкімшілік регламенттеу, тең бәсекелік жағдай, дамыған нарық инфрақұрылымын жасауды, сондай-ақ теңдестірілген салық және кеден саясатын жүзеге асыруды мақсат етті

Басқаруды реттеу. Армения Республикасын экономикалық дамытудың негізгі бағыттарын дайындаумен байланысты міндеттердің бірі – құқықтық актілердің жобасын әзірлеу барысында реттеу әсерін бағалау құралын ендіруді қамтамасыз ету. Армения Республикасының 2011 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Құқықтық актілердің жобасына әсер етудің бағалау бойынша жұмыстарды жүргізуді міндетті талап етуді бекітумен 2008 жылдан бергі құқықтық актілер туралы» заңындағы тиісті өзгертулерді енгізгеннен кейін Армения Республикасында құқықтық актілердің реттеу әсерін бағалауды енгізу қамтамасыз етілген.

Арменияда реттеу әсерін бағалауды енгізу барысында Еуропалық Одақ-Армения ынтымақтастығы аясында жасалған TWINNING бағдарламасының «Армения Республикасының Экономика министрлігіне жәрдемде-

су: реттеуді басқару/стандартты шығындардың үлгісі» келісімшарты бойынша көмек көрсетілді. Армениядағы бағдарламаның бенефициары болып Армения республикасы Экономикалық даму және инвестициялар министрлігі бекітілді, ал бағдарламаны жүзеге асыруда техникалық қолдауды финдік HAUS мемлекеттік басқару институты көрсетті (<http://www.haus.gj/en>).

Реттеу әсерін бағалау аясында Армения Республикасын үкіметінің 29.12.2011 ж. отырысында барынша тиімді мемлекеттік реттеуді кепілдендіру мүмкіндігін беретін «Армения Республикасында нормативті құқықтық актілердің реттеу әсерін бағалау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы» мақұлданды.

Армения Республикасы азаматтық қызмет кеңесінің жоғары, басты, жетекші және төменгі лауазымдық қызметтерді атқаратын азаматтық қызметкерлерді қайта даярлау бойынша «Реттеу әсерін бағалау» бекітілген бағдарламасымен «Армения Республикасы Әділет министрлігінің Заң институты» МКЕҰ бірлесіп 2013 жылдан бастап азаматтық қызметкерлерді қайта даярлау жүзеге асырылып келеді. Оның аясында 200-ден астам азаматтық қызмет қайта даярлықтан өтті.

Тарау бойынша пайдаланған дереккөз тізімі:

1. Армения Республикасының статистика жөніндегі комитеті. <http://www.armstat.am/ru>
2. Арменияның ауыл шаруашылығы. Армения Ауыл шаруашылығы министрлігі. <http://minagro.am/ru>
3. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Арменияның шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатын реформалау мониторингі» есебі (желтоқсан, 2017 ж., Париж, Франция);
4. Арменияның бизнес-тіркелімі - <https://www.e-register.am/ru/>

1.3



Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуының көрсеткіштері



1.3.1. Беларусь Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдайы

Ресми статистика мәліметі бойынша 2018 жылдың 11 айында Беларусь Республикасының ЖІӨ 121,6 млрд Беларусь рублін құрады және 3,0%-ға артты (салыстырмалы бағада)¹, 1.3.1-суретті қараңыз.



Салыстырмалы бағадағы ЖІӨ
(2018 ж. қаңтар-желтоқсаны)

103%

(қаңтар-желтоқсаны 2017 = 100%)



Ағымдағы бағадағы ЖІӨ
2018 ж. қаңтар-желтоқсаны

121,5 млрд.

беларусь рублі

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

2018 жылдың қаңтар-маусымында Беларусь Республикасы экономикасындағы негізгі салалардың өсу қарқыны 1.3.1-кестеде көрсетілген.

1.3.1-кесте. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өндірістік әдіспен жалпы ішкі өнім (ағымдағы бағада; млн. рубль)

	I тоқсан 2018 г.	II тоқсан 2018 г.	III тоқсан 2018 г.	IV тоқсан 2018 г.	2018 ж.
Жалпы ішкі өнім	26 640,4	29 269,3	33 202,0	32 456,6	121 568,3
соның ішінде:					
Өндіріс саласы	9 408,3	10 310,6	14 164,8	12 185,4	46 069,1
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	811,3	703,5	4 234,2	2 034,1	7 783,1
Тау-кен қазу өнеркәсібі	209,2	236,8	270,2	263,1	979,3
Өңдеу өнеркәсібі	5 932,5	6 666,0	6 668,4	6 831,3	26 098,2
Электр энергиясы, газ, бу, ыстық су және бап-талған ауамен жабдықтау	1 053,8	879,7	893,7	988,8	3 816,0
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	208,4	217,0	217,8	222,6	865,8
Құрылыс	1 193,1	1 607,6	1 880,5	1 845,5	6 526,7
Қызмет көрсету саласы	13 131,9	14 599,9	14 557,0	15 727,2	58 016,0
Көтерме және бөлшек сауда; автокөліктер және мотоцикл жөндеу	2 545,5	2 933,1	3 385,5	3 333,7	12 197,8
Көлік қызметі, қоймалау, почта және курьерлік қызмет	1 683,4	1 796,9	1 752,2	1 830,3	7 062,8
Уақытша мекендеу және тамақтану бойынша қызметтер	224,6	282,0	293,0	270,3	1 069,9
Ақпарат және байланыс	1 484,2	1 620,6	1 641,2	1 930,5	6 676,5
Қаржы және сақтандыру қызметі	1 082,6	1 025,9	1 135,1	1 159,9	4 403,5
Жылжымайтын мүлік операциясы	1 462,0	1 531,3	1 587,2	1 623,2	6 203,7
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	711,2	818,4	830,1	1 074,4	3 434,1
Әкімшілік және көмекшілік қызмет көрсету саласындағы қызмет	307,4	410,6	348,8	381,0	1 447,8

¹ Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті - <http://www.belstat.gov.by/ofitsialnaya-statistika/realny-sector-ekonomiki/natsionalnye-scheta/operativnye-dannye/o-vvp-i-vrp/valovoy-vnutrenniy-produkt-tremya-metodami-i-valovoy-regionalnyy-produkt-za-2018-god/>

Мемлекеттік басқару	1 094,2	1 161,9	1 118,7	1 252,8	4 627,6
Білім беру	1 146,9	1 474,2	898,2	1 238,9	4 758,2
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	943,2	1 068,1	1 055,2	1 080,8	4 147,3
Шығармашылық, спорт, ойын-сауық және демалыс	264,0	285,5	283,5	333,8	1 166,8
Басқа да қызмет түрлерін көрсету	182,7	191,4	228,3	217,6	820,0
Өнімдерге таза салық	4 100,2	4 358,8	4 480,2	4 544,0	17 483,2

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

1.3.1-кестеде көрсетілгендей, Беларусь Республикасы ЖІӨ құрылымында қызмет көрсету саласы – 56%, өндіріс саласы – 44% басым, экономиканың әртараптандырудың жақсы жүргізілгенін және мемлекеттік шикізаттық тауарлар бағасына тәуелді емес екенін білдіреді.

Өнеркәсіп. Жалпы 2018 жылдың төртінші тоқсанында өнеркәсіптік өндіріс көлемі 110 млрд Беларусь рублін құрады және өткен жылмен салыстырғанда 17%-ға артты, мұнымен қоса келесі секторларда өсудің жоғары қарқыны орын алды:

- Кокс және мұнайды қайта өңдеу өндірісі – 30%-ға өскен;
- Көлік құралдары және жабдық өндірісі – 28%-ға өскен;
- Басқа топтамаға қосылмаған көлік және жабдық өндірісі - 28%-ға өскен;
- Ағаш және қағаз бұйымдарының өндірісі, полиграфиялық қызмет және ақпараттың жазба нұсқаларын тираждау – 28%;
- Химия өнімдерінің өндірісі – 26%;
- Металлургиялық өндіріс, көлік пен жабдықтан басқа дайын металл бұйымдарының өндірісі – 21%

1.3.2-кестені қараңыз.

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 89%-ды құрады (87,5 млрд. рубль), бұл ЕАЭО мемлекеттері арасындағы ең жоғары көрсеткіш.

1.3.2-кесте. 2017-2018 жж экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемі

	2017	2018	Серпін %
ӨНЕРКӘСІП - БАРЛЫҒЫ	94306033	110 069 130	117%
Экономикалық қызмет түрлері:			
Тау-кен қазу өнеркәсібі	1195902	1 494 710	125%
Өңдеу өнеркәсібі	83052493	97 538 733	117%
Оның ішінде:			
Тамақ өнімдері, сусын және темекі заттарының өндірісі	23180002	25 151 729	109%
Тоқыма бұйымдары, киім, былғары және тері бұйымдарының өндірісі	3683068	3 892 958	106%
Ағаш және қағаз бұйымдарының өндірісі, полиграфиялық қызмет және ақпараттың жазба нұсқаларын тираждау	3890210	4 994 416	128%
Кокс және мұнайды қайта өңдеу өнімдерінің өндірісі	13218113	17 125 264	130%
Химиялық өнім өндірісі	8365944	10 523 260	126%
Негізгі фармацевтикалық және фармацевтикалық препараттар өндірісі	1138967	1 240 486	109%
Резина және пластмасса бұйымдары, басқа да металл емес минералды өнімдер өндірісі	7155742	7 670 449	107%
Металлургия өндірісі, көлік пен жабдықтан басқа дайын металл бұйымдарының өндірісі	6131499	7 432 666	121%
Есептеу. Электронды және оптикалық аппарат өндірісі	1573742	1 680 068	107%

Электр жабдығының өндірісі	2490050	2 709 155	109%
Басқа топтамаға қосылмаған көлік және жабдық өндірісі	6070830	7 768 448	128%
Көлік құралдары мен жабдық өндірісі	2731979	3 485 170	128%
Басқа да дайын бұйымдар өндірісі; көлік және жабдық жөндеу, монтаждау	3422347	3 864 664	113%
Электр энергиясы, газ, бу, ыстық су және бапталған ауамен жабдықтау	8551283	9 308 833	109%
Сумен жабдықтау; қалдық жинау, өңдеу және жою, ластануды жою қызметі	1506355	1 726 854	115%

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Ауыл шаруашылығы. 2018 жылы Беларусь Республикасында барлық санаттағы шаруашылықтар бойынша былтырғы жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру азайғаны байқалады. 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы 6,1%-ға төмендеген, мал шаруашылығының өнімі 0,5%-ға кеміген, 1.3.3-кестені қараңыз.

1.3.3-кесте. Шаруашылық санаты бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіру индексі (салыстырмалы бағада; өткен жылға пайызбен)

	2017	2018
Барлық санаттағы шаруашылықтар		
Ауыл шаруашылығы өнімі – барлығы	104,2	96,7
соның ішінде:		
өсімдік шаруашылығының өнімі	106,2	93,9
мал шаруашылығының өнімі	102,4	99,2
Ауылшаруашылық ұйымдары		
Ауыл шаруашылығы өнімі – барлығы	105,2	95,8
соның ішінде:		
өсімдік шаруашылығының өнімі	109,1	89,3
мал шаруашылығының өнімі	103,1	99,5
Шаруа (фермерлік) қожалықтар		
Ауыл шаруашылығы өнімі – барлығы	110,4	103,1
соның ішінде:		
өсімдік шаруашылығының өнімі	111,3	103,1
мал шаруашылығының өнімі	103,7	102,5
Тұрғындар шаруашылығы		
Ауыл шаруашылығы өнімі – барлығы	99,6	99,2
соның ішінде:		
өсімдік шаруашылығының өнімі	101,0	100,2
мал шаруашылығының өнімі	92,2	92,6

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Ауыл шаруашылығы өнімінің 81%-дан астамын шаруа (фермерлік) қожалықтарды қоса есептегенде, ауылшаруашылық ұйымдары шығарған, сонымен қатар, тұрғындардың шаруашылықтарында өнімнің 19%-ы өндірілген, 1.3.4-кестені қараңыз.

1.3.4-кестені қараңыз. Ауыл шаруашылығы өнімнің шаруашылық санаты бойынша құрылымы (ағымдағы бағада, қорытындыға пайызбен)

	2017	2018
Барлық санаттағы шаруашылықтар	100	100
соның ішінде:		
ауылшаруашылық ұйымдары	79,3	79,1
шаруа (фермерлік) қожалықтар	2,0	2,2
тұрғындар шаруашылығы	18,7	18,7

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Ауыл шаруашылығының өсу қарқыны мал шаруашылығы көрсеткішінің төмендеуімен, сондай-ақ дақылдардың шықпай қалуымен байланысты.

Құрылыс. Беларусь Республикасы Ұлттық статистика комитетінің мәліметі бойынша 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Беларусь Республикасында құрылыстың өсу қарқыны 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2%-ды құрады.

1.3.5-кесте. Мердігерлік жұмыс көлемі (салыстырмалы бағада)

	Миллион рубль, ағымдағы бағада	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен
2018 жыл		
қаңтар	569,6	103,8
қаңтар – ақпан	1 128,7	105,9
қаңтар – наурыз	1 822,5	106,2
қаңтар – сәуір	2 556,1	104,6
қаңтар – мамыр	3 365,7	105,2
қаңтар – маусым	4 317,5	105,4
қаңтар – шілде	5 199,2	105,3
қаңтар – тамыз	6 158,4	106,1
қаңтар – қыркүйек	7 093,5	104,4
қаңтар – қазан	8 017,8	103,9
қаңтар – қараша	8 887,9	103,3
қаңтар – желтоқсан	9 853,2	102,2

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Бөлшек сауда. Ресми статистика бойынша Беларусь Республикасының сауда ұйымдастыруда 2018 жылы қаңтар-желтоқсанда бөлшек тауар айналымы 44,67 млрд Беларусь рублін құрады. Тауар айналымының құрылымында 51% азық-түлік тауарларына тиесілі, 49% - азық түлікке жатпайтын тауарлар, 1.3.6-кестені қараңыз.


1.3.6-кесте. Беларусь Республикасының сауда ұйымдастыруда 2018 жылы қаңтар-желтоқсанда бөлшек тауар айналымы

	2017	2018	Динамика в %
Барлығы (млн. рубль)	40237,3	44674,9	111%
Азық-түлік (млн. рубль)	20383,2	21850,5	107%
Азық-түлікке жатпайтын (млн. рубль)	19 854,1	22 824,4	115%

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

2017 жылмен салыстырғанда тауар айналымында азық-түлік тауарларының үлесі артты, 1.3.2-суретке қараңыз.

1.3.2-сурет. Беларусь Республикасында 2010-2018 жж. азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың үлесі (в %)



Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында көтерме сауда 20%-ға артты және 92,3 млрд Беларусь рублін құрады.


1.3.7-кесте. Облыстар және Минск қаласы бойынша көтерме тауар айналымы

	2017	2018	Динамика в %
Беларусь Республикасы	76920,4	92300,6	120%
Облыстар және Минск қ.:			
Брест	3 207,2	3 570,7	111%
Витебск	2 907,6	3 720,0	128%
Гомель	4 671,0	6 036,8	129%
Гроднен	2 200,2	2 339,1	106%
Минск қ.	52 985,1	64 548,8	122%
Минск	9 065,7	10 104,6	111%
Могилев	1 883,6	1 980,6	105%

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Көтерме сауда құрылымында 53,2% шағын бизнес субъектісіне тиесілі және 22,7% -- микробизнеске, 1.3.3-суретті қараңыз.

1.3.3-сурет. Шаруашылық ету субъектілері бойынша көтерме сауданы ұйымдастыруда көтерме тауар айналымы, %



Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Көлік. Беларусь Республикасында 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында көліктің барлық түрімен жүк айналымы 138,8 млрд. тонна-шақырымды құрады, 2017 жылдың тиісті кезеңінен 3,6%-ға көп, 1.3.8-кестеге қараңыз.

1.3.8-кесте. Көлік жүк айналымының көлемі мен индекстері

	Жұқайналымы		Жүк тасымалының көлемі	
	млн. тонна-шақырым	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен	Мың тонна	Өткен жылдың тиісті кезеңіне пайызбен
2018 г.				
қаңтар	10 863,5	107,4	34 529,7	110,1
қаңтар – ақпан	21 671,3	106,8	68 542,3	110,3
қаңтар – наурыз	33 719,7	107,0	106 171,9	109,7
қаңтар – сәуір	45 163,9	106,0	142 525,1	107,0
қаңтар – мамыр	56 884,7	105,5	182 720,4	105,9
қаңтар – маусым	68 332,6	105,5	222 037,7	106,0
қаңтар – шілде	79 726,3	104,9	260 583,9	105,2
қаңтар – тамыз	91 478,0	104,8	300 729,1	104,5
қаңтар – қыркүйек	103 083,1	104,7	339 178,8	104,1
қаңтар – қазан	115 244,8	104,5	380 041,8	104,1
қаңтар – қараша	127 163,7	104,5	419 233,4	104,2
қаңтар – желтоқсан	138 838,0	104,1	455 503,2	103,6

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Жүк айналымының құрылымында анағұрлым меншікті салмақты автомобильді көлік алады – 38%; темір жол көлігі – 35%; құбыр желісі көлігі – 27%.

2018 жылдың 12 айында ең жоғары өсу қарқынын ішкі су көлігі көрсетті, оның өсімі – 9%, бірақ жүк айналымындағы үлесі аса үлкен емес, 1%-дан аз. Саладағы көрсеткішке темір жол көлігінің көрсеткіші оң әсер етті, ол 7%-ға артқан. Әуе көлігімен тасымалдау көлемі 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5%-ға кеміген, 1.3.9-кестені қараңыз.

1.3.9-кесте. Көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау (млрд тонна-шақырым)

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Көліктің барлық түрі	456	493	484	471	467	447	418	439	456
соның ішінде:									
құбыр желісі	143	143	137	134	131	133	126	124	125
темір жол	139	153	154	140	141	131	127	146	157
автомобиль	167	191	189	192	192	180	163	167	171
ішкі су	6,17	6,71	4,02	4,49	3,76	2,96	2,14	2,02	2,19
әуе	0,019	0,009	0,014	0,011	0,041	0,039	0,057	0,055	0,052

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Осылайша, республикада 2018 жылдың төртінші тоқсанында экономиканың ауыл шаруашылығынан басқа барлық саласында өсу қарқыны оң болған. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі санының ең көбі тіркелген сауда саласында ең жоғары өсу қарқыны байқалған.

Беларусь Республикасындағы кәсіпкерлік статистикасын келесі тарауда егжей-тегжей қарастырылады.

1.3.2. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

2018 жылдың төртінші тоқсанындағы қорытынды бойынша Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 346 143 бірлікті құрады, бұл 2018 жылдың 1 қаңтарына қарағанда 49 бірлікке аз, 1.3.10-кестені қараңыз.

1.3.10-кесте. 01.01.2019 ж. Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері

	Саны, бірлік		Бюджетке төлем түсуі*, млн. рубль		Өңірлердің түсімдегі меншікті салмағы	
	на 01.01.2018	на 01.01.2019	2017 ж.	2018 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Беларусь Республикасында ШОК субъектісі	346 244	346 147	5 492,4	6 553,4	24,6%	26,4%
Минск қ.	117 488	115 029	3 362,4	4 110,1	30,4%	32,6%
Брест облысы	42 374	42 541	295,6	334,6	20,3%	22,0%
Витебск облысы	29 745	30 014	244,9	301,2	20,1%	23,2%
Гомель облысы	36 206	36 833	314,2	355,2	14,0%	13,6%
Гроднен облысы	32 288	32 234	234,3	248,7	12,9%	11,0%
Минск облысы	57 283	57 945	773,1	888,5	22,1%	26,5%
Могилев облысы	30 860	31 551	267,9	315,1	25,4%	26,4%

* салық органдары бақылайтын төлем бөлігіне түсім

Ескерту: қорытынды сома бойынша аздаған ауытқулар дөңгелектегендегі қателікпен байланысты

Дереккөз: Беларусь Республикасының Салық және алым жөніндегі министрлігі

Сонымен қатар, айтарлықтай өсімді жеке кәсіпкерлер қамтамасыз етті (+5162 бірлік), микроұйымдардың саны осындай дерлік мөлшерге қысқарды (-5592), бұл микрокәсіпорындардың жеке кәсіпкерлік ретінде қайта құрылғанымен байланысты. Ұйымдар – шағын кәсіпкерлік субъектілер де айтарлықтай өсті + 5259 бірлік, өз кезегінде шағын ұйымдар 2018 жылдың төртінші тоқсанында + 335 бірлікке артты, 1.3.11-кестені қараңыз.

Т1.3.11-кесте. 01.01.2019 ж. Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер меншік нысаны бойынша

	Саны, бірлік		Бюджетке түскен төлем*, млн. рубль		Өңірлердің түсімдегі меншікті салмағы	
	01.01.2018 жылға	01.01.2019	2017 ж.	2018 ..	2017 ж.	2018 ж.
Ұйымдар -шағын кәсіпкерлік субъектілері	110 106	104 847	5 028,0	6 019,8	22,5%	24,2%
Шағын ұйымдар (адам саны 16 –дан 10-0ге дейін)	10 878	11 213	3 116,0	3 864,9	13,9%	15,6%
Микроұйымдар (15 адамға дейін)	99 228	93 634	1 911,9	2 154,9	8,6%	8,7%

Жеке кәсіпкерлер	236 138	241 300	464,4	533,5	2,1%	2,1%
Орташа ұйымдар (адам саны 101-ден 250-ге дейін)	2 176	2 175	1 723,8	2 085,7	7,7%	8,4%

* салық органдары бақылайтын төлем бөлігіне түсім

Ескерту: қорытынды сома бойынша аздаған ауытқулар дөңгелектегендегі қателікпен байланысты

Дереккөз: Беларусь Республикасының Салық және алым жөніндегі министрлігі

«2018 жылы Беларусь Республикасындағы шағын және орта жеке бизнестің ахуалы» сараптамалық шолуына сәйкес (сауалнама қорытындысы), айтарлықтай көптеген бизнесменнің пікірінше (респонденттердің 45,6%-ы), Беларусь Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайы өзгеріссіз қалып отыр. Жағдайдың нашарлағанын респонденттердің 32%-ы атап өткен, ал 22,4%-ы жақсарғанын білдірген.

Сауалнамаға қатысқан шағын және орта кәсіпкерлік бизнесті дамытуда анағұрлым маңызды сыртқы кедергілерге келесілерді жатқызды:

1. Салық мөлшерлемесі жоғары – 54.8%;
2. Өзгере беретін заңнама (оның ішінде салық) - 50.9%;
3. Жоғары пайыздық мөлшерлеме - 45.2%;
4. Ауыртпалықты әкімшілік процедуралары (лицензиялар, сертификаттау, тексерулер және т.б.) - 43.3%;
5. Мемлекеттік кәсіпорындармен салыстырғанда қызмет жағдайы тең емес - 36.9%.

Дамуға кедергісі анағұрлым аздар қатарында:

1. Қылмыстың жоғарылығы – 0.5%;
2. Халық денсаулығының нашар күйі – 4.6%;
3. Қор нарығының дамымағандығы – 6.1%;
4. Жұмыспен қамтуды реттеу (жұмыстан шығару және қабылдау процедуралары) – 6.4%;
5. Басқа мемлекеттердің экономикалық саясаты (тарифтік, бейтарифтік кедергілер және т.б.) – 7.1%.

1.3.3. Беларусь Республикасының 2018 жылдың үшінші тоқсанындағы сыртқы экономикалық қызметі

Ресми статистика мәліметі бойынша Беларусь Республикасының үшінші мемлекеттермен сыртқы сауда айналымы 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында 72,1 млрд Беларусь рублін құрады, бұл 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14%-ға жоғары, 1.3.12-кестені қараңыз. Соның ішінде:

- экспорт – 33,7 млрд. АҚШ доллары (15% өскен);
- импорт – 38,4 млрд. АҚШ доллары (12% өскен).

1.3.12-кесте. Сыртқы сауданың негізгі көрсеткіштері

	2017	2018	Динамика в %
Беларусь Республикасының тауарлармен сыртқы сауда айналымы (миллион АҚШ доллары)	63475	72135	114%
экспорт	29240	33726	115%
импорт	34235	38409	112%
ТМД мемлекеттерімен	38564	43018	112%
экспорт	17493	18723	107%
импорт	21071	24295	115%
Оның ішінде Ресей Федерациясы	32497	35561	109%
экспорт	12898	12946	100%
импорт	19599	22615	115%
ТМД-дан тыс мемлекеттермен	24911	29117	117%
экспорт	11747	15003	128%
импорт	13164	14114	107%

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Сыртқы сауда айналымында экспорттың үлесі 74%-ды құрады, ал импортқа тиісінше – 53%. Қарастырылып отырған кезеңде ЕАЭО мемлекеттерімен өзара сауда көлемі 36,6 млрд АҚШ долларын құрады және 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 9,8%-ға артты, 1.3.13-кестені қараңыз.

1.3.13-кесте. Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері бойынша тауарлардың экспорты мен импорты


	2017 г. млн. АҚШ долл.	2018 ж. млн. АҚШ долл.	2017 жылға 2018 жылы. %
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер			
айналым	33 358,9	36 638,3	109,8
экспорт	13 647,9	13 887,4	101,8
импорт	19 711,0	22 750,9	115,4
Армения			
айналым	42,7	50,1	117,3
экспорт	34,5	37,4	108,3
импорт	8,2	12,7	155
Қазақстан			
айналым	689,3	896	130
экспорт	592,2	783,7	132,3
импорт	97,1	112,3	115,6

Қырғызстан			
айналым	130,1	130,9	100,7
экспорт	123,5	120,3	97,5
импорт	6,6	10,6	160,4
Ресей			
айналым	32 496,8	35 561,3	109,4
экспорт	12 897,7	12 946,0	100,4
импорт	19 599,1	22 615,3	115,4

Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

1.3.11-естеде көрсетілгендей Беларусь Республикасының ЕАЭО мемлекеттерімен саудасында анағұрлым меншікті салмақ Ресей Федерациясына тиесілі – 97%-дан астам, екінші орында Қазақстан Республикасы, бар болғаны – 2%, 1.3.4-суретті қараңыз.


1.3.4-сурет. Беларусь Республикасының ЕАЭО мемлекеттерімен 2018 жылы қаңтар-желтоқсандағы өзара саудасының құрылымы



Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

Беларусь Республикасының 2018 жылғы экспорты мен импортының тауарлық құрылымында тауарлардың теңдей бөлінгенін көруге болады. Экспорт құрылымында анағұрлым меншікті салмақты минералды өнімдер алады – 25,9% және химия өнеркәсібінің өнімі – 19,1%. Импортының құрылымында да минералды өнімдер басым – 29,6%, машиналар, жабдықтар және көлік құралдары – 24,2%, 1.3.5-суретті қараңыз.

1.3.5-сурет. Беларусь Республикасының 2018 жылғы экспорты мен импортының тауарлық құрылымы



Дереккөз: Беларусь Республикасының Ұлттық статистикалық комитеті

1.3.4. 2018 жылы Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын реттеу және кәсіпкерлікті қолдау механизмдері

Беларусь Республикасында кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік реттеуін Экономика министрлігі жүзеге асырады, Кәсіпкерлік департаменті атқарады, 1.3.1-кірістірмені қараңыз.

1.3.1-кірістірме.

Беларусь Республикасы Экономика министрлігі Кәсіпкерлік департаменті

Почталық мекенжайы: 220030, Минск қ., Берсон к., 14

+375(17)222-47-03 (қабылдау бөлімі);

+375(17)200-50-48; +375(17)222-64-44.

E-mail: d-business@economy.gov.by

http://www.economy.gov.by/ru/small_business-ru/

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың көздері мен тәсілдері. Беларусь Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік экономиканың әлеуетті дамып келе жатқан секторы болып табылады, мемлекеттің дамуына қосатын үлесі әрдайым артып келеді. Осы үдеріске «Беларусь Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік» мемлекеттік бағдарламасындағы шараларды және мемлекетте жағымды іскерлік ахуалды қалыптастыру және бизнес жүргізу жағдайын жақсарту ықпал етеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы-несие қорларына қол жеткізуін қамтамасыз ету – кәсіпкерлікті қолдауда мемлекеттік саясаттың жалпы маңызды құрастырушысы болып саналады.

Кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау коммерциялық және коммерциялық емес құрылымдардың тарапынан қаржыландырудың түрлі тәсілдері мен түрлерін, оның ішінде лизинг, несие, гранттар және т.б. қолдану арқылы іске асып отыр, 1.3.6-суретті қараңыз.

1.3.6-сурет. 01.01.2019 ж. Беларусь Республикасында кәсіпкерлік субъектілерін қаржылай қолдау



Дереккөз: Беларусь Республикасының Экономика министрлігі

Бекітілген талаптар мен шарттарды сақтаған жақдайда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері келесі құрылымдардан қаржылай қолдаудың тиімді тәсілін таңдай отырып, түрлі арнайы бағдарламаларға қатыса алады:

1. Беларусь кәсіпкерлерді қаржылай қолдау қоры;
2. Облыстық атқарушы комитеттер мен Минск қалалық атқарушы комитеті;
3. Серіктесбанктер арқылы Даму банкі;
4. АСБ Беларусбанк;
5. Коммерциялық банктер;
6. Инновациялық банктер;
7. Коммерциялық емес шағын қаржы ұйымдары және басқалары.

«Жыл кәсіпкері» ұлттық байқауы. Беларусь Республикасы Министрлер кеңесінің 2016 жылы 17 наурыздағы № 207 Қаулысымен «Жыл кәсіпкері» ұлттық байқауын дайындау және өткізу тәртібі туралы Ереже бекітілді.

Байқауды дайындау және өткізудің басты мақсаты – кәсіпкерлік бастаманы дамыту және халықтың іскерлік белсенділігін ынталандыру.

Байқау жарғылық қорда мемлекеттің үлесі 50%-дан аспайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің («Тұрақты табыс» аталамынан бөлек) арасында төрт аталым бойынша өтеді:

1. сәтті бастама;
2. тұрақты табыс (бұл аталымға ірі кәсіпорындар қатыстырылады);
3. өндіріс саласындағы тиімді бизнес;
4. қызмет көрсету саласындағы тиімді бизнес.

Байқау қатысушылары қызметінің көрсеткіші негізінде жыл сайын 28 жеңімпаз анықталады (әр аталым бойынша әрбір облыстан және Минск қаласынан бір-бірден).

Импортты алмастыру. Импортты алмастыру – отандық балама өнімдері өндірушілерді ынталандыру арқылы тауарлар мен қызметтердің импортын оңтайландыруға, мемлекеттің аумағында жаңа кәсіпорындарды, оның ішінде бұған дейін импортталған өнімді шығаруды ұйымдастыру үшін шетелдік капиталдың қатысуымен құруға бағытталған мемлекеттік саясат.

Беларусь Республикасында импортты алмастыру саясаты ішкі нарықты отандық тауарлармен қамтамасыз ету үлесін ұлғайтуды қарастырады. Сонымен қатар оның басты мақсаты – импорттық тауарларды отандық баламалармен біржақты емес алмастыру.

Бұл тараудың мақсаты – шағын және орта кәсіпкерлік өкілдеріне импортты алмастыру бойынша саясат бизнесті дамытуға бере алатын мүмкіндіктер туралы ақпараттандыру.

Кәсіпкерлікті инфрақұрылымдық қолдау. 2019 ж. 11 мамырындағы жағдай бойынша республикада шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын инфрақұрылым субъектілерінің желісі қолданылады, ол 104 кәсіпкерлікті қолдау орталығынан (ары қарай – орталық) және 24 шағын кәсіпкерлік инкубаторынан (ары қарай – инкубатор) тұрады.

Орталық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне экономикалық және ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

Орталықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық, әдістемелік және кес беру қызметтерін көрсетеді, маркетингтік зерттеу жүргізеді, қаржы және материалды-техникалық қорды алуға, білікті мамандарды дайындау, қайта дайындау және жұмысқа орналастыруға, сондай-ақ аталған субъектілердің қызметте іске асуына көмектеседі,

Инкубатор – шаруашылық жүргізу, жедел басқару меншік құқығына ие немесе басқа да заңдық негізде арнайы жабдықталған кеңсе немесе тауар өндірісі (жұмыс істеу, қызмет көрсету) ғимараты және ондағы бар мүлік пен заңнамаға сай қаржылай дербестікті алу және дамуға көмек көрсету мақсатында оларды өз жұмысын бастаған шағын кәсіпкерлік субъектілеріне пайдалануға беретін заңды тұлға.

Инкубаторлар орын мен мүлікті бес жылдан аспайтын мерзімге беру арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне дамыту үшін ұйымдастырушылық-экономикалық жағдай жасайды, ақпараттық және кеңес беру қызметін көрсетеді, серіктестерді іздеуге, қаржы ресурстарын алуға, сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған және инкубатордық негізгі міндеттерін орындауға бағытталған басқа да қызметтерді іске асыруға көмек көрсетеді.

Көрме-жәрмеңке іс-шараларының шығынын өтеу. Көрме-жәрмеңке іс-шараларын қатысуға немесе оларды ұйымдастыруға кеткен шығынның бөлігі қатысушы немесе көрме-жәрмеңке іс-шарасын ұйымдастырушы болатын өтініш берушіге (ары қарай – өтініш беруші) қатысты, өтініш берушінің көрме орындары мен жабдықтарын жалға алу, көрме-жәрмеңке іс-шараларының қатысушылары турады баспа өнімдерін шығаруға, ұйымдастырылған көрме-жәрмеңке іс-шарасы туралы бұқаралық ақпарат құралдарына жарнама жасау және орналастыруға (таратуға) жұмсаған шығынның 50 пайызынан аспайтын көлемде өтеледі.

Көрме-жәрмеңке іс-шараларында қатысуға немесе оларды ұйымдастыруға кеткен шығынның бір бөлігін өтеу үшін субсидия өтініш берушіге міндеттері орындалған және төленген келісімшартқа байланысты беріледі.


Егер өтініш берушінің көрме-жәрмеңке іс-шараларына қатысуға немесе олардың ұйымдастыруға кеткен шығыны шетелдік валютада болса, ол шығынның бөлігін өтеу мемлекеттік қаржылай қолдаудың осы түрін беру туралы шешім шығарылған күні Ұлттық банктің ресми бағамы бойынша Беларусь рублімен жүргізіледі.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне «Белресурс» МБ алаңында өнім алу. Үкіметтің тапсырмасына орай, бүгінгі таңда Сауда министрлігі «Белресурс» МБ бірлесіп шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін отандық шикізат және материалмен қамтамасыз ету мәселесін қарастыру үсінде.

Тарау бойынша пайдаланған дереккөз тізімі:

1. Беларусь Республикасының Ұлттық статистика комитеті. <http://www.belstat.gov.by>.
2. Беларусь Республикасы Экономика министрлігінің ресми сайты - https://www.economy.gov.by/ru/small_business-ru/;
3. «2018 жылы Беларусь Республикасындағы шағын және орта жеке бизнестің ахуалы» сараптамалық шолуы (Сауалнама қорытындысы) - <http://www.research.by/webroot/delivery/files/sr2018r02.pdf>;
4. Беларусь Республикасының Салық және алым жөніндегі министрлігі - <http://www.nalog.gov.by/ru/svedeniya-predprinimatelstvo/>.

1.4




Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік дамуының көрсеткіштері



1.4.1. Қазақстан Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдайы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің жедел ақпараты ойынша 2018 жылдың қорытындысымен Қазақстанның ЖІӨ өсімі 2017 жылғы жинақтаған серпінді сақтап, 4,1%-ды құрады, 1.4.1-суретті қараңыз. Экономика көтерудің негізгі факторлары – инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың жоғары болуы, сондай-ақ экономиканың базалық салаларындағы өндірістік белсенділік /1/.

1.4.1-сурет. 2008-2018 жж Қазақстан ЖІӨ өсуінің серпіні



Дереккөз: Қазақстан Республикасының 2018 жылы әлеуметтік-экономикалық дамуы, ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің бюллетені, Нұр-Сұлтан, 2019


ҚР ҰЭМ мәліметі бойынша 2018 жылдың қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ құрылымында тауар өндірісі 38,3%-ды құраған, қызмет көрсету өндірісі – 54,4%. Өндірістің ЖІӨ-дегі басым үлесті өнеркәсіп алып отыр – 28,7%, көтерме және бөлшек сауда, автокөліктер және мотоцикл жөндеу – 15,9% /2/.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша, 2018 жылдың қаңтар-желтоқсандағы өнеркәсіптік өндірістің көлемі қолданыстағы бағада 27 576,1 млрд. теңгені құрады, 2017 жылға қарағанда 4,1%-ға көп. Тау-кен қазу өнеркәсібі және карьерлерді өндірудегі өндіріс 4,6%-ға артқан, өңдеу өнеркәсібінде 4%-ға өскен, электрмен жабдықтау, газ, бу және бапталған ауа жіберу – 2,4%-ға жоғарылады. Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдық жинау және бөлу өндірісі 1%-ға кеміген /3/.

2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанда мұнай, табиғи газ және металл кенін өндіру артты. Азық-түлік өнімдері, темекі өнімдері, мұнайды қайта өңдеу, химия өнеркәсібінің өнімдері, резина және пластмасса бұйымдары, металлургия өнеркәсібі мен машина жасау өндірісінің көлемі де ұлғайды. Дегенмен қара металлургия өндірісі төмендеген /4/.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсандағы сыртқы сауда айналымы 93,5 млрд. АҚШ долларын құрады (2017 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 19,7%-ға артты), оның ішінде экспорт – 61 млрд. АҚШ доллары (25,7%-ға жоғары) және импорт – 32,5 млрд. АҚШ доллары (9,9%-ға жоғарылады).

1.4.2-сурет. 2017-2018 жылдарда Қазақстан сыртқы сауда айналымының серпіні




Дереккөз: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (қаңтар 2019 ж.)

ЕАЭО мемлекеттерімен экспорт 5891,9 млн. АҚШ долларын құрады және 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 12,0%-ға жоғары, импорт – 13222,5 млн. АҚШ доллары (5,6%-ға артқан).

Қазақстан тауарлары Италия, Қытай мен Нидерландыға көп экспортталады, ал Қазақстанға келетін импорттың көшбасшылары Ресей, Қытай және Германия, 1.4.3-суретті қараңыз.

1.4.3-суре. Қазақстанның 2018 жылы экспорттық-импорттық операциясындағы ТОП-9 мемлеке



Дереккөз: Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (қаңтар 2019 ж.)

2018 жылы тұтынушылық баға индексі тиісті кезеңмен салыстырғанда 105,3%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,1%-ға көтерілді, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,4%-ға қымбаттаған, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер – 5,4%-ға өскен. 2017 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік тауарлары 2018 жылдың желтоқсанында 12,4%-ға жоғарылады.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2018 жылы 11 130 млрд. теңгені құрады, 2017 жылға қарағанда 17,2%-ға жоғары.

Бөлшек сауда көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында салыстырмалы бағада 10 069,7 млрд. теңгені құрады немесе 2017 жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейге 106,5%.

Көтерме сауда көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында 22 965,9 млрд. теңгені құрады немесе 2017 жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейге 108,2% (салыстырмалы бағада).

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында қолданыстағы бағада 27 576,1 млрд. теңгені құрады, 2017 жылға қарағанда 4,1% -ға жоғары, соның ішінде:

- тау-кен қазу өнеркәсібі – 4,6%,
- өңдеу өнеркәсібі – 4%.

Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметі) жалпы шығарылым көлемі 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында 4 410,1 млрд. теңгені құрады, 2017 жылға қарағанда 3,4%,-ға артық.


Жүк айналымының көлемі 2018 жылдың қаңтар-қарашасында 596,1 млрд. ткм құрады (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемін бағалағанды қосқанда) және 2017

жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 7,3%-ға өсті. Жолаушылар айналымының көлемі 281,5 млрд. пкм құрады және 3,2%-ға артты.

Қазақстан Республикасы экономикасының негізгі салаларын 2018 жылғы өсу қарқыны бойынша бөлу 1.4.4-суретте берілген.

1.4.4-сурет - Қазақстан экономикасының негізгі салаларын 2018 жылғы өсу қарқыны бойынша бөлу

Қазақстан Республикасы экономикасының негізгі салаларын 2018 жылғы өсу қарқыны бойынша бөлу, %



Построено по данным МНЭ РК

Осылайша, жалпы 2018 жылы Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы үшін жағымды макроэкономикалық жағдайлар байқалды. Шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткішіне қалай әсер еткенін қарастырайық.

Пайдаланған дереккөз тізімі


1. Қазақстан экономикасы екінші жыл қатарынан тұрақты өсуді көрсетуде. 30 қаңтар, 2019. <https://economy.gov.kz/kk/news/kazakstan-ekonomikasy-ekinshi-zhyl-katarynan-turakty-osuidi-korsetude>
2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-дамуы (сәуір, 2019 жыл, 2-том, 28-бет). <http://stat.gov.kz/edition/publication/month>
3. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсандағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,7%-ды құрды, <https://economy.gov.kz/kk/news/2018-zhylgy-kantar-zheltoksandagy-kyska-merzimdi-ekonomikalik-indikator-1047-dy-kurdy>
4. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 104,1% құрады. 11 қаңтар, 2019 ж. <https://economy.gov.kz/kk/news/onersiptik-ondiristin-indeksi-1041-kurady>
5. 2018 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ӘЭД қорытындылары. 31 қаңтар, 2019 ж. <https://economy.gov.kz/kk/pages/2018-zhylgy-kantar-zheltoksandagy-ed-korytyndylary>

1.4.2. 2018 жылдың төртінші тоқсанында Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы

Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкер дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – мемлекеттік жалпы ішкі өніміндегі үлесі.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметі бойынша жоғарыда берілген көрсеткіш 2018 жылдың қорытындысы бойынша 28,2%-ды құрады, 2017 жылғы көрсеткішке қарағанда 3,2 пайыздық тармаққа жоғары, 1.4.5-суретті қараңыз.


1.4.5-сурет – 2008-2018 жж Қазақстан ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің серпіні, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Жалпы 2018 жылы Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген жалпы қосылған көлемі бойынша тұрақты өсу байқалған, 1.4.6-суретті қараңыз.


1.4.6-сурет. – ҚР шағын және орта кәсіпкерлік ЖҚҚ 2007-2017 жж серпіні, млрд. теңге.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 2018 жылы 16,84 трлн. теңге сомасында жалпы қосылған құнды өндірді, 2017 жылғы деңгейден 18,1%-ға жоғары. Аталған көрсеткіш өңірлер бойынша өзгереді. Бірінші орында Алматы қаласы тұр, шағын және орта кәсіпкерліктің республикалық жалпы қосылған құн көрсеткішіндегі меншікті салмағы 28,9%-ды құрайды, одан кейін Нұр-Сұлтан қаласы, оның көрсеткіші 19,1%, үздік үштікті Атырау облысы тұйықтайды – 8,7%, 1.4.7-суретті қараңыз.

1.4.7-сурет. Қазақстанның өңірлерін 2018 жылы өндірілген өнімнің жалпы қосымша құны бойынша бөлу.




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2018 жылдың қорытындысы бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген жалпы қосылған құн бойынша төмен көрсеткіштер Қызылорда, Жамбыл, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында. Мұнымен қосы 2017 жылмен салыстырғанда жалпы 2018 жылы ҚҚС көрсеткішінде оң өсу үрдісі байқалғанын атап өту керек.

2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласында жалпы өңірлік өнімдегі жалпы қосылған құн үлесі ең жоғары – 55,5%, бұл ретте 2017 жылы аталған көрсеткіштің мөлшері 44,8%-ды құраған еді. Батыс Қазақстан облысы жалпы өңірлік өнімдегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша үздік үштікке енді, дегенмен 2017 жылғы 39,1% көрсеткіш 2018 жылы 33,4%-ға дейін төмендеген.


1.4.8-сурет. ҚР өңірлерін жалпы өңірлік өнімдегі жалпы қосылған құн бойынша бөлу



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

Жалпы республика және нақты бір өңір бойынша да ірі бизнестің дамуы елдің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің көрсеткішіне әсер етеді. Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің көрсеткіші бойынша өңірлер рейтингіндегі бірінші қатарда 2017 жылдағыдай Алматы қаласы тұр. Алайда 2017 жылмен салыстырғанда 1,1 пайыздық тармаққа төмендеген. Рейтингтің екінші қатарында 13,2% көрсеткішімен Атырау облысы тұр, 2018 жылдың қорытындысы бойынша 2,3 пайыздық тармаққа жоғары. Одан кейін Нұр-Сұлтан қаласы, оның көрсеткіші 9,8%. Жалпы өңірлік өнім өндірісінде ең төменгі үлесті Солтүстік Қазақстан облысы алған – 1,9%, 1.4.9-суретті қараңыз.

1.4.9-сурет. ҚР өңірлерін шағын және орта кәсіпкерліктің 2018 жылы жалпы өңірлік өнімдегі үлесі бойынша бөлу




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

Мемлекеттің жалпы ішкі өніміне шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен негізгі үлесті шағын кәсіпкерлік қосады, олардың үлесі 2018 жылы 22,7% тиесілі болды, ал орта бизнеске ЖІӨ-нің 5,5% келеді, 1.10-суретті қараңыз. 2017 жылмен салыстырғанда шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 2018 жылы аз ғана өскен.

Қазақстанның жалпы ішкі өнімінде шағын кәсіпкерлік үлесінің өсу үрдісі 2012 жылдан байқалады және төрт еседен жоғары – 2012 жылы 5,8%-дан 2018 жылы 22,7%-ға дейін. Аталған кезеңде орта кәсіпкерліктің үлесі 2 еседен астам көрсеткішке дейін төмендеген – 11,3%-дан 2018 жылы 5,5%-ға дейін, мұнымен қоса жалпы ішкі өнімдегі шағын кәсіпкерліктің үлкен үлесі 2010 жылы болған, ол 13,6%-ды құрады.


1.4.10-сурет. Шағын кәсіпкерлік пен орта кәсіпкерліктің 2008-2018 жж жалпы ішкі өнімдегі үлес серпіні, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

Жоғарыда аталғандай, шағын және орта кәсіпкерлік бойынша жалпы қосылған құнның абсолюттік көрсеткіші артып келеді. Шағын кәсіпкерлік пен орта кәсіпкерлік үшін аталған көрсеткіш серпінінің салыстырмалы сараптамасы даму негізі шағын кәсіпкерлік есебінен жүріп отырғанын көрсетті, 1.4.11-суретті қараңыз.

1.4.11-сурет. Шағын кәсіпкерлік пен орта кәсіпкерліктің 2008-2018 жж жалпы ішкі өнімдегі жалпы қосылған құн серпіні, млрд. теңге



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

Қазақстан өңірлерін жалпы ішкі өнімдегі, сондай-ақ жалпы қосылған құнның абсолюттік көрсеткіші бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне қарай бөлу осы есептің 2-5 қосымшаларында берілген.

Орта кәсіпкерліктің көрсеткіші бойынша Нұр-Сұлтаннан кейін ауыл шаруашылық машинасын жасау дамыған Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстары көш бастайды.

Орта кәсіпорындар арасында жалпы қосылған құн бойынша өңірлер рейтингінде Алматы қаласы үздік, екінші орында – Нұр-Сұлтан, үшінші орында – Атырау облысы.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны және олардың серпіні


Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мемлекеттерінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері іс жүзінде кәсіпкерлік қоғамдастықтың басым бөлігін алады (кәсіпкерліктің барлық субъектілерінен 90% және одан да көп). Халықтың 70%-дан астамын жұмыс орнымен қамтамасыз ете отырып, шағын және орта бизнес субъектілері ЭЫДҰ мемлекеттерінің экономикасында негізгі қозғалыс күш болып табылады /1/.

Шағын және орта бизнес экономикалық белсенді халықтың ішінен білікті мамандарға ғана емес, біліктілігі төмен тұлғалар үшін де жұмыс орнының басты көзі бола отырып, экономиканы дамытуды қамтамасыз етуде негізгі рөлді атқарады.

Халықаралық еңбек ұйымының (ILO) мәліметіне сәйкес, әлемдік деңгейде шағын және орта бизнес секторында жұмысқа орналасу трендке айналғаны байқалады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша, осылайша, соңғы 10 жыл ішінде әлемнің 130-дан астам мемлекетінде шағын және орта бизнесте жұмысқа орналасқандардың саны екі есеге артып, 150 млн адамға жуықтаған /2/.

Ресми статистика мәліметі бойынша 2019 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны 1 241,3 мың бірлік болған, бұл 2017 жылға (1 146,0 мың) қарағанда 95,3 мыңға көп. Шағын және орта кәсіпкерлік құрылымында 65% жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары – 16%, шағын кәсіпкерлік субъектісі санатына жататын заңды тұлғалар – 19%. Орта кәсіпкерлік субъектісі санатына жатқызылатын орта кәсіпкерлік саны 2 620 бірлік, ол шағын және орта кәсіпкер субъектілерінің жалпы санының 0,21%-ын құрайды, 1.4.12-суретті қараңыз.

1.4.12-сурет – Қазақстан Республикасында 2018 жылы жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құрылымы, мың бірлік




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Шағын және орта кәсіпкерлік құрылымының сараптамасынан 2018 жылы жеке кәсіпкерлер саны 2017 жылмен салыстырғанда 62 008 бірлікке артқанын көруге болады, ал заңды тұлғалардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 22 585 бірлікке өскен.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік 2018 жылы үш миллионнан астам адамды немесе 35,2% экономикалық белсенді халықты жұмыспен қамтыды.

Жұмысшылардың көбі кәсіпорындарда – шағын кәсіпкерлік субъектілерінде (40%) және жеке кәсіпкерлерде (40%) орналасқан, 1.4.13-суретті қараңыз.

1.4.13-сурет – Қазақстанның шағын және орта кәсіпкерлігінде жұмыспен қамтылғандарды ұйымдастырушылық үлгісі бойынша бөлу, мың адам.




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz

2018 жылы шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндердің саны 2017 жылмен салыстырғанда 77 624 бірлікке артқан, бірақ айтарлықтай жоғары көлемде емес. Алайда, 2017 жылы шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны 2016 жылдың 4-тоқсанымен салыстырғанда шамамен 10%-ға қысқарған. Сарапшылар мұны шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істеп тұрған субъектілер санының, әсіресе жеке кәсіпкерлердің азаюымен түсіндіреді. 2017 жылдың бірінші жарты жылдығының өзінде Қазақстанда жеке кәсіпкерлердің саны 66,2 мың бірлікке қысқарды. Аталған үрдіс 2016 жеке кәсіпкерлердің саны жылына 116,5 мың бірлікке дейін рекордтық қысқарған соң да жалғасты.

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар өңірлер бойынша теңдей бөлінбеген, жұмысшылардың көбі Алматы қаласында шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарында (591 286 адам) орналасқан, екінші орында – Нұр-Сұлтан қаласы (363 214 адам), үшінші орында – Алматы облысы (248 608), 1.4.14-суретті қараңыз.

1.4.14-сурет – 2018 жылы шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндерді Қазақстанның өңірлеріне қарай бөлу, адам



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

Мұндай бөлуге өңірлердегі халықтың жалпы саны ерекше әсер етті. Бұл факторды жою үшін өңірдегі жалпы жұмыспен қамтылғандарды санында шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндер үлесінің көрсеткішін қарастырайық, 1.4.1-кестені қараңыз.

1.4.1-кесте. 2017 жылдың соңында Қазақстан өңірлерінде жалпы жұмыспен қамтылғандардың санына қарай шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндер үлесі


ҚР өңір	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам (2018 жыл)	ШОК жұмыспен қамтығандар, мың адам (2018 жыл)	Жалпы жұмыс істейтіндер санынан ШОК үлесі, %
Нұр-Сұлтан қаласы	507,5	363,2	71,6
Алматы қаласы	911,9	594,3	65,1
Атырау облысы	304,0	133,6	43,9
Маңғыстау облысы	304,7	127,0	41,7
Шымкент	385,4	143,2	37,1
Қарағанды облысы	654,0	236,1	36,1
Батыс Қазақстан облысы	321,0	113,5	35,4
Солтүстік Қазақстан облысы	296,2	104,0	35,1
Шығыс Қазақстан облысы	679,0	229,6	33,8
Павлодар облысы	393,3	130,8	33,3
Ақтөбе облысы	417,6	138,9	33,2
Ақмола облысы	408,7	131,9	32,2
Қостанай облысы	488,2	156,9	32,1
Қызылорда облысы	332,9	93,0	27,9
Түркістан облысы	789,0	204,4	25,9
Алматы облысы	994,5	248,6	25,0
Жамбыл облысы	507,0	118,7	23,4
Қазақстан Республикасы	8 695,0	3 267,8	37,6

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

1.4.1-кестеде көрсетілгендей шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың ең жоғары үлесі Нұр-Сұлтан қаласында (71,6%), Алматы қаласы (65,1%), одан кейін Атырау облысы (43,9%). Кестенің төменгі қатарында Түркістан облысы (25,9%), Алматы облысы (25,0%), Жамбыл облысы (23,4%) орналасқан. Соңғы он жылда шағын және орта бизнесте жұмыспен қамту деңгейі 30-37% деңгейінде, бұл экономикасы дамыған мемлекеттермен салыстырғанда (ЭЫДҰ елдерінде жұмыспен қамтудың орташа деңгейі – 70%) айтарлықтай төмен екенін атап өту керек.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 26 490,1 млрд теңге сомасында өнім өндірген, 2017 жылғы көрсеткіштен 14%-ға жоғары, 1.4.15-суретті қараңыз.

1.4.15-сурет. 2018 жылы қаңтар-желтоқсана Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім өндіруі, млрд. теңге.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті, www.stat.gov.kz.

1.4.15-суретте көрсетілгендей шағын және орта кәсіпкерлік секторы шығарған жалпы өнімнің 69%-ын шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары өндірген. 2018 жылы шағын және орта кәсіпкерлік өндірген өнімнің бар болғаны 7% жеке кәсіпкерлердің үлесінде.

Шағын және орта кәсіпкерліктің тиімділігін сараптау үшін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдерінің немесе 1 жұмысшыға шығарылатын өнімнің көрсеткішін қолдануға болады. **Всего по РК: 26 490,1 млрд.** Қазақстанның өңірлері бойынша шағын және орта кәсіпкерлік шығарылған өнімнің көлемі жайлы ресми мәлімет келтірілген.

1.4.2-кесте. 2018 жылы қаңтар-желтоқсанда ШОК субъектілерінің өнім шығаруы, млн теңге

	Барлық шығарылған өнім	Оның ішінде			
		ШК заңды тұлғалар	ОК заңды тұлғалар	ЖК	ШК (фермерлік) қожалықтар
Қазақстан Республикасы	26 490 130	18 231 911	5 188 984	1 764 985	1 304 250
Алматы қ.	7 070 168	5 381 203	1 332 524	356 441	0
Нұр-Сұлтан қ.	4 983 731	3 715 949	1 058 303	209 453	26
Атырау облысы	2 459 906	1 997 534	353 168	92 219	16 985
Батыс Қазақстан	1 434 972	1 097 898	208 134	79 811	49 129
Қарағанды облысы	1 325 134	840 036	268 047	114 851	102 200
Алматы облысы	1 255 807	598 644	277 749	105 481	273 933
Маңғыстау облысы	1 165 119	876 990	197 623	84 296	6 210
Шығыс Қазақстан	995 636	500 628	211 318	114 758	168 932
Ақтөбе облысы	876 503	579 781	164 288	73 554	58 880

Қостанай облысы	851 941	471 426	206 912	88 046	85 557
Шымкент қ.	781 993	468 523	201 991	108 815	2 664
Ақмола облысы	736 273	446 688	169 400	71 487	48 698
Павлодар облысы	693 845	369 852	172 467	74 533	76 993
Солтүстік Қазақстан	537 355	272 595	130 496	51 665	82 599
Түркістан облысы	495 323	202 840	49 372	53 545	189 566
Жамбыл облысы	458 148	196 959	88 590	50 653	121 946
Қызылорда облысы	368 276	214 365	98 602	35 377	19 932

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

Жалпы Қазақстанда 2018 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің барлық субъектілері бойынша бір жұмысшының өнім шығаруы 8,11 млн. теңге, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 10,2%-ға жоғары (7,28 млн теңге), оның ішінде:

- шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлға – 13,9 млн. теңге
- орта кәсіпкерліктегі заңды тұлға – 14,2 млн. теңге
- жеке кәсіпкерлер – 1,3 млн. теңге
- шаруа (фермерлік) қожалықтар – 4,6 млн. теңге.

Есептелген мәліметтерде көрсетілгендей, бір жұмысшының ең жоғары өнім шығаруы ЖШС нысанында ұйымдастырылған шағын бизнес кәсіпорындарына тиесілі, өндірімділік бойынша екінші орында орта бизнес субъектілері тұр, үшіншіде – шаруа және фермерлік қожалықтар. Ең төмен өндірімділік Қазақстан Республикасында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 65%-ын құрайтын жеке кәсіпкерлерде.

«Атамекен» ҰКП есептеу мәліметі бойынша ЕЫДҰ шағын және орта кәсіпкерлік саласында бір жұмысшы еңбегінің өндірімділігі бойынша орташа есептік көрсеткіштері сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша шамамен 67 мың АҚШ долларын құрайды /3/.

Шағын және орта бизнес секторында жұмыспен қамту көрсеткішімен ғана емес, жалпы экономикалық даму дәрежесі бойынша ЕЫДҰ мемлекеттерінің деңгейіне жету үшін Қазақстан инклюзивті дамуында оның әлеуетін есепке ала отырып, шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандыру қажет.

Мұнымен қоса шағын және орта бизнесті дамытудың кешенді шараларын дайындау мақсатында әлемдегі анағұрлым бәсекеге қабілетті экономиканың қолданымдағы тәжірибесін ескерген маңызды. Қазақстан үшін шараларды зерделеген кезде анағұрлым дамыған мемлекеттердің үздік тәжірибесі басты орынға қойылады, себебі сол мемлекеттер шағын және орта бизнесті өз экономикаларының негізгі қозғалыс күшіне айналдыра білді. Сонымен қатар мемлекеттің жеке кәсіпкерлерге көрсететін ақпараттық және маркетингтік көмегі оларға өткізу нарығын кеңейтуге және табысты арттыруға ықпал етеді. Аталған шара шағын және орта кәсіпкерлік шығаратын өнімнің көлемін едәуір ұлғайтып, мемлекеттің жалпы ішкі өнімінде шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін арттыра алады.

1.4.3. Қазақстан Республикасының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы сыртқы сауда қызметі

2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 93 489,7 млн АҚШ долларын құрады және 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 19,7%-ға артты, соның ішінде:

- экспорт – 60956,2 млн. АҚШ доллары (25,7%-ға көп);
- импорт 32533,5 млн. АҚШ доллары (9,9-ға көп).

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстанның жалпы сауда айналымында ЕАЭО мемлекеттерімен өзара сауда үлесі 20,4%-ды құрайды.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсанында Қазақстан Республикасының ЕАЭО мемлекеттерімен өзара саудасы 19 114,4 млн. АҚШ доллары деңгейінде бағаланды, бұл 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанына қарағанда 7,5%-ға жоғары, соның ішінде:

- экспорт – 5891,9 млн. АҚШ доллары (12,0%-ға артты);
- импорт – 13222,5 млн. АҚШ доллары (5,6%-ға артты).

Қазақстан Республикасының ЕАЭО мемлекеттерімен сыртқы сауда айналымындағы жалпы көлемнің 91,9 Ресей Федерациясына тиесілі, Қырғыз Республикасына – 5%, Беларусь Республикасына – 4%, Армения Республикасына – 0,1%, 1.4.3-кестені қараңыз.

1.4.3-кесте. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен және басқа мемлекеттермен сыртқы сауда айналымы

	қаңтар-желтоқсан 2018 жыл*	млн. АҚШ доллары	
		қаңтар-желтоқсан 2017 жыл	өсу қарқыны %
Сыртқы сауда айналымы	93 489,7	78 102,9	119,7
ТМД елдері	24 311,9	22 430,9	108,4
Басқа елдер	69 177,8	55 672,0	124,3
ЕАЭО елдерімен барлығы	19 114,4	17 780,7	107,5
экспорт	60 956,2	48 503,3	125,7
ТМД елдері	9 455,3	8 298,9	113,9
оның ішінде:	5 162,1	4 639,0	111,3
Ресей	87,5	101,2	86,5
Беларусь	7,449	5,570	133,8
Армения	634,9	516,7	122,9
Қырғызстан	5 891,9	5 262,5	112,0
ЕАЭО елдерімен барлығы	51 500,9	40 204,4	128,1
басқа елдер	32 533,5	29 599,6	109,9
импорт	14 856,6	14 132,0	105,1
ТМД елдері	12 392,1	11 733,0	105,6
оның ішінде:	593,2	531,7	111,6
Ресей	6,751	5,033	134,1
Беларусь	230,4	248,5	92,7
Армения	13 222,5	12 518,2	105,6
Қырғызстан	17 676,9	15 467,6	114,3
ЕАЭО елдерімен барлығы			
басқа елдер			

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

ЕАЭО мемлекеттерімен тауар айналымының көлемі бойынша өңірлерге шаққанда, көш басында Алматы – 27%, екінші орында Нұр-Сұлтан қаласы – 12% және үшінші орында Қарағанды облысы – 12%, олардың барлығы республикадағы тұтас тауар айналымының жартысынан астамын құрайды, 1.4.4-кестені қараңыз.

1.4.4-кесте. 01.01.2019 ж. Қазақстан Республикасының облыстарға бөлгенде ЕАЭО елдерімен тауар айналымы (тыс. АҚШ доллары)

Облыс атауы	Тауар айналымы		Экспорт		Импорт	
	Барлығы	Тауар айналымының жалпы көлемінде облыстың меншікті салмағы, %	Барлығы	Экспортың жалпы көлемінде облыстың меншікті салмағы, %	Барлығы	Импортың жалпы көлемінде облыстың меншікті салмағы, %
Қазақстан Республикасы	19 114 437,4	100,0	5 891 946,2	100,0	13 222 491,2	100,0
Ақмола	406 564,8	2,1	118 926,0	2,0	287 638,8	2,2
Ақтөбе	1 207 708,5	6,3	529 693,4	9,0	678 015,1	5,1
Алматы	706 858,2	3,7	191 353,0	3,2	515 505,2	3,9
Атырау	345 783,0	1,8	45 863,4	0,8	299 919,6	2,3
Батыс Қазақстан	676 803,8	3,5	168 276,0	2,9	508 527,8	3,8
Жамбыл	254 991,5	1,4	111 764,4	1,9	143 227,1	1,1
Қарағанды	2 339 668,5	12,2	1 403 578,6	23,8	936 089,9	7,1
Қостанай	1 108 981,1	5,8	532 363,2	9,0	576 617,9	4,4
Қызылорда	75 737,9	0,4	25 498,3	0,4	50 239,6	0,4
Маңғыстау	170 479,0	0,9	14 774,1	0,3	155 704,9	1,2
Павлодар	1 786 767,9	9,3	1 106 390,7	18,8	680 377,2	5,1
Солтүстік Қазақстан	350 760,0	1,8	58 069,4	1,0	292 690,6	2,2
Түркістан	284 731,8	1,6	220 079,7	3,7	64 652,1	0,5
Шығыс Қазақстан	1 395 641,4	7,3	240 403,2	4,1	1 155 238,2	8,7
Нұр-Сұлтан қ.	2 236 350,6	11,7	242 027,5	4,1	1 994 323,1	15,1
Алматы қ.	5 241 288,0	27,4	782 401,1	13,3	4 458 886,9	33,7
Шымкент қ.	525 321,4	2,8	100 484,2	1,7	424 837,2	3,2

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті.

1.4.4. 2018 жылы Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қолдау

2018 жылы – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру жөніндегі өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды

Заң отандық кәсіпкерлер үшін оңтайлы жағдай жасауға бағытталған, оның үстіне Заңның негізгі міндеттері:

- мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалау, алдын ала бақылау институтын енгізу;
- ақпараттық құралдардың санын азайту және оларды жалпы 30%-ға оңтайландыру;
- табиғи монополиялар субъектілері және квазимемлекеттік кәсіпорындар көрсететін қызметтерді регламенттеу;

Реттеуші әсерін бағалау институтының әрекетін өңірлік деңгейге кеңейту;


Шығындарды жаппай азайту;

«Doing Business» рейтингіне Қазақстанның позициясын жақсартуға бағытталған нормалар.

Жалпы, жүргізіліп отырған шағын және орта бизнесті қолдауға қатысты саясаттың арқасында кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты қорғау шараларына қол жеткізілді:

- 1) Тексерулер саны азайды. 2010 жылмен салыстырғанда тексерулер 4,2 есеге қысқарды.

1.4.16-сурет. 2010-2017 жж кезеңінде тексерулерді қысқарту үрдістері



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Қазақстан Республикасында 2017 жылы кәсіпкерлік қызметті реттеу туралы есебі

- 2) Тексеру жүргізу мерзімі заңнамалық тұрғыда қысқартылды, бақылау саласы, бақылау функциялары және т.б. алынып тасталды.

1.4.17-сурет. Мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалау.


Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды реформалау



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты <http://economy.gov.kz/ru/pages/doklad-ministra-nacionalnoy-ekonomiki-rk-suleymenova-tm-po-proektu-zakona-o-vnesenii-izmeneniy>

2011 жылға қарағанда рұқсат беру құжаттарының саны 3,2 есеге қысқарды

1.4.18-сурет. Рұқсат беру құжаттарының өсуі мен қысқаруының серпіні



Дереккөз: Қазақстанда рұқсат беру жүйесін реттеуін нормативті құқықтық акті (2011-2016 жж).

Бизнес инкубациялау бағдарламасы. 2018 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылы 25 тамызда №522 қаулысымен бекітілген индустриялы-инновациялық жобаларды бизнес-инкубациялау жобасын жүзеге асыру басталды.

Үкіметтің қаулысына сәйкес аталған бастаманы жүзеге асыру бойынша оператор – «QazTechVentures» АҚ («Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік») АҚ құқықтық мұрагері).

Бағдарламаның мәні:

1) жеке бизнес-инкубаторларға қаржылай және әдістемелік қолдау көрсетуде (операциялық шығындардың 50% ортақ қаржыландыру, бірақ жылына ең көбі 35 млн теңге);

2) жаңа немесе әлдеқайда жақсартылған жобаны немесе бизнес-процесті құру үшін (50 млн теңгеге дейін және негізді мәлімделген шығынның 80%-нан асырмай).

Бағдарламаны іске асыру келешекте бизнес-инкубаторлар қаржылық тұрғыда да, біліктілігі жоғары деңгейде жоғары жетілген болуы үшін бизнес инкубациялау экожүйесіне қозғалыс береді және сәйкесінше ірі технологиялық компанияларға дейін көтерілуге қабілетті сапалы стартаптар санының артуына әсер етеді.

2018 жылы Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылы 30 наурыздағы №129 «Конкурстық іріктеу ережесін бекіту және бизнес инкубаторлардың қызметін қолдау» бұйрығына сәйкес «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ (ары қарай – агенттік) үш бизнес-инкубаторды іріктеп алды: «BelnTech» ЖШС, «SmArt. PointAlmaty» ЖШС және «Жас кәсіпкерлер клубы» ЖШС, олармен бизнес инкубаторлардың шығынын ортақ қаржыландыру және үш жыл бойы қаржылай емес көмек көрсету туралы келісімшарт жасалды.

Агенттік 2018 жылы «112 «Бизнес-инкубаторлар қызметін қолдау» бағдарламасы бойынша «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында іс-шараларды жүзеге асыру 087 бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттан жалпы сомасы 18 725,7 мың теңге сомасында бизнес инкубатор шығынының бөлігіне ортақ қаржыландыруды іске асырды.

Агенттік 2018 жылы сырттан сарапшыны тарта отырып үш бизнес-инкубатордың қызметіне әдістемелік қолдау көрсету жұмысын атқарды. Сырттан сарапшы тарту бизнес инкубациялау экожүйесін дамыту саласындағы шетелдік сарапшылардың қатарынан іске асты. Осылайша 2018 жылы 10 қазана Агенттік «Акселератор ФРИИ» ЖШҚ (Ресей) келісімшарт жасады.

Әдістемелік сүйемелдеу келесі тармақтардан тұрады:

1) тәжірибені қолдану бойынша консультациялық көмек;

2) бизнес инкубатордың жұмысын жоспарлағанда және ұйымдастырғанда;

- 3) бизнес инкубатордың өсуіндегі түйткілді аймақтар мен нысандарға диагностика;
- 4) бизнес инкубатор қызметкерлерінің біліктілігін арттыра отырып мәселені шешу;
- 5) стартап жобаларды іріктеу және инкубациялауға жәрдемдесу.

Сыртқы сарапшы методологиялық сүйемелдеу қызметін көрсету аясында әрбір бизнес инкубаторға тиімді жұмыс форматын таңдады.

Мемлекеттік гранттарды беру «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында (республикалық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда) жұмыс істеп тұрған механизмге беру қарастырылады. Экономикалық жоғары тиімділікті алу үшін мемлекеттік гранттар «QazTechVentures» АҚ жағымды технологиялық, қыржы-экономикалық және құқықтық тұжырымын ескере отырып бизнес инкубаторлардың резиденті болатын жобаларға беріледі.

Гранттарды беру механизмі:

- 1) Жергілікті атқарушы орган өтінімдерді қабылдауды іске асырады;
- 2) «QazTechVentures» АҚ жобаларға технологиялық, қаржы-экономикалық және құқықтық тұжырым жасайды;
- 3) Жергілікті атқарушы органдардың жанындағы комиссия «QazTechVentures» АҚ тұжырымын есепке ала отырып шешім қабылдайды;
- 4) Грант берілгеннен кейін «QazTechVentures» АҚ оның мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді.


Пайдаланған дереккөз тізімі

1. ЭЫДҰ ағылшын тіліндегі есебі «Strengthening SMEs and entrepreneurship for productivity and inclusive growth. Интернет Дереккөз - <https://www.oecd.org/cfe/smes/ministerial/documents/2018-SME-Ministerial-Conference-Key-Issues.pdf> «

2. Халықаралық еңбек ұйымының есебі (ILO) World Employment and Social Outlook 2017: Sustainable enterprises and jobs: Formal enterprises and decent work, International Labour Office, Geneva. Интернет Дереккөз - https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_579893.pdf

3. Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мониторинг. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің жедел-ақпараты. www.stat.gov.kz

1.5



Ресей Федерациясындағы
шағын және орта кәсіпкерлік
дамуының көрсеткіштері



1.5.1. Ресей Федерациясының 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы макроэкономикалық жағдайы


Федералдық мемлекеттік статистикалық қызметінің мәліметі бойынша 2018 жылы Ресейдің ЖІӨ бір жыл бұрынғы 1,6% көрсеткіштен 2,3%-ға дейін көтерілді, бұл Ресей Экономикалық даму министрлігінің жедел мәліметі негізінде жасалған бағалауынан да, нарықтық консесус болжамынан да асып түсті. ЖІӨ өсу қарқынының жеделдеуі көп ретте бір реттік факторларға негізделген және тұрақсыз саналады. Биыл экономикалық өсу 1,3%-ға дейін баяулайды деп күтіледі.

ЖІӨ өсу қарқынын қолдану компоненттерін қарастырғанда, 2018 жылы өткен жылмен салыстырғанда сыртқы сектормен – нақты көрсеткіште импорттың едеуір баяулауынан экспорттың айтарлықтай жоғары өсу қарқынына байланысты болды. Дегенмен ішкі сауалнама компоненттері баяулауды көрсетті.

Салаға бөлгенде, экономикалық өсудің негізгі драйверлеріне өнеркәсіп пен құрылыс айналды (экономикалық өсуге сәйкесінше 0,6 және 0,3 пайыздық тармақты қосқан). ЖІӨ серпініне оң үлес қосқан салалар қатарында сауда (0,3 пайыздық тармақ) және көлік саласы (0,2 пайыздық тармақ) да бар, дегенмен, негізгі астықтың түсімі (ең алдымен дәнді-дақылдар) нашарлағандықтан және мал шаруашылығы өнімінің өсу қарқыны баяулағандықтан ауыл шаруашылығының үлесі аздап төмен болды.

Жалпы ішкі өнімнің өсуіндегі 0,8-ге жуық пайыздық тармақты қызмет көрсету секторы қамтамыз етті. Өткен жылмен салыстырғанда қаржы және сақтандыру қызметі, қонақ үй және мейрамхана қызметінде өсу қарқыны байқалды, ал жылжымайтын мүлік операциясы саласында өсу баяулады, 1.5.1-суретті қараңыз.

1.5.1-сурет. Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша өсу қарқыны



Дереккөз: Росстат, Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің есептеуі

2018 жылы өнеркәсіптегі өнім өндіру өсімі жеткілікті деңгейде бірқалыпты өтті. Жыл бойы оның жылдық өсу қарқыны 2-4% шегінде қалып отырды (2017 жылы ауытқу диапазоны 9 пайыздық тармаққа дейін болған), 1.5.1-кестені қараңыз. Жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіптегі іріленген салалардың барлығы оң серпін көрсетті.

1.5.1-кесте. Өнеркәсіп өндірісінің 2018 жылғы индекстері

	%				
	Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге		2016 орташа айлық мәні	
		нақты	маусымдық және күнтізбелік факторларды алып тастағанда	нақты	маусымдық және күнтізбелік факторларды алып тастағанда
Қаңтар	102,4	79,3	101,7	94,4	104,5
Ақпан	103,2	97,5	99,5	92,0	103,9
Наурыз	102,8	113,4	101,0	104,3	104,9
I тоқсан	102,8	85,6			
Сәуір	103,9	96,9	99,6	101,1	104,5
Қаңтар-сәуір	103,1				
Мамыр	103,7	101,5	100,8	102,7	105,4
Маусым	102,2	99,8	99,6	102,5	105,0
II тоқсан	103,2	105,4			
I жарты жылдық	103,0				
Шілде	103,9	99,7	100,1	102,2	105,1
Тамыз	102,7	102,7	100,4	104,9	105,5
Қыркүйек	102,1	102,5	100,3	107,5	105,8
III тоқсан	102,9	102,7			
Қаңтар-қыркүйек	103,0				
Қазан	103,7	105,8	100,1	113,8	105,8
Қараша	102,4	99,8	99,8	113,5	105,6
Желтоқсан	102,0	107,0	100,2	121,5	105,8
IV тоқсан	102,7	110,8			
Жыл	102,9				

Дереккөз: Росстат, Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің есептеуі.

Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу салаларында даму жалғасты, электр энергетикасы мен су жабдықтаудың өсу қарқыны 2017 жылғы құлдыраудан кейін оң көрсеткішке жоғарылады. Мұнымен қоса өнеркәсіп өндірісінің өсу құрылысы жыл бойы өзгерді. Егер 2018 жылдың бірінші жартысында өнеркәсіп өндірісінің кеңеюі өңдеу салаларына сүйенсе, екінші жарты жылдықта кен өндіру өндірісі өсудің драйверіне айналды.

Пайдалы қазбаларды өндіру 2018 жылы 4,1%-ға өсті (2017 жылы – 2,1%-ға). Оның үстіне, жылдың екінші жартысында бірінші кезекте келісімге қатысушы – мұнайлы елдермен 2018 жылдың соңына дейін тәулігіне 1 млн. баррель. Ортақ ұсынысын ұлғайту туралы шешім қабылдаған ОПЕК-тің маусымдағы отырысының нәтижесіне негізделген оның серпіні айтарлықтай жақсарғаны байқалды (4,9 % г/г және 7,2 % г/г в 3кв18 және 4кв18 тиісінше қаңтар-маусымда 1,9 % г/г).

Мәміленің жаңа параметрлеріне сәйкес 2018 жылдың желтоқсанында мұнай өндіруді мамыр айындағы бір тәулікте 11,45 млн баррель өндірудегі жоғары деңгеймен салыстырғанда тәулігіне 0,5 млн баррельге дейін көтерді. Жалпы алғанда жыл қорытындысы бойынша мұнай және мұнай (ілеспе) газын өндіру өткен жылғы 0,2%-ға дейін құлдыраудан кейін 1,7%-ға көтерілді. Мұнымен қоса, 2019 жылдың қаңтар айынан бастап ОПЕК-тің желтоқсан айында Венада өткен отырысында жасаған өндіруді шектеу туралы жаңа келісімі мұнай саласының серпінін тежейтін болады.


2018 жылы газ саласында өсу қарқындады – 2017 жылғы 7,1%-ға қарағанда 16,5%-ға дейін. Газ саласындағы жоғары қарқын ең алдымен сұйылтылған табиғи газ шығарудың артуымен (2017 жылғы 7,6%-бен

салыстырғанда 2018 жылы 70,1%) қамтамасыз етілді. Мұнымен қоса табиғи газ өндірісінің өсуі 2017 жылғы 8,7%-дан 2018 жылы 5,3%-ға дейін кеміді.

Жағымды тенденция мұнай-газдан басқа да пайдалы қазбаларды өндіруде орын алды. Көмір және металл кенін алу 2018 жылы тұрақты дамуды көрсетуді жалғастырды (сәйкесінше 4,2% және 4,6%). Пайдалы қазбаларды өндіру саласында қызмет көрсету екі жыл қатарынан екі еселік қарқынмен жоғарылады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі серпін 2018 жылы өткен жылдың деңгейіне шамалас болды (сәйкесінше 2,6% және 2,5%). 2017 жылдағыдай оның дамуы ең алдымен негіз болатын өңдеу өнеркәсібі – мұнай өнімдерінің өндірісі, металлургия, химия және тағам салалары, ағаш өңдеу, құрылыс материалдарының өндірісіне сүйенді. Аталған салалардың 2018 жылы өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқынындағы жиынтық үлесі 1,9 пайыздық тармақты құрады 1.5.2-суретті қараңыз.

1.5.2-сурет. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өңдеу өнеркәсібінің 2018 жылғы айналымы



Дереккөз: Росстат, Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің есептеуі.

Ауыл шаруашылығы. 2018 жылы ауыл шаруашылық өнімінің өндірісі екі жылғы (2017 жылы 3,1%-ға, 2016 жылы 4,8%-ға) сенімді өсуден кейін 0,6%-ға төмендеді. 2018 жылы ауыл шаруашылығындағы өнім шығарудың азаюында рекордтық көрсеткішінен кейін астық егінінің қалыпқа келуі рөл ойнады, 1.5.2-кестені қараңыз.

1.5.2-кесте. 2018 жылы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру серпіні

	%	
	Өткен жылдың тиісті кезеңіне	Өткен кезеңге
Қаңтар	102,3	55,6
Ақпан	102,3	110,0
Наурыз	102,4	143,7
I тоқсан	102,4	31,1
Сәуір	102,3	113,4
Мамыр	102,2	111,9
Маусым	100,8	98,3
II тоқсан	101,8	156,7
I жарты жылдық	102,0	
Шілде	101,7	184,9
Тамыз	89,4	131,4
Қыркүйек	95,3	182,7
III тоқсан	94,9	в 3,0 раза
Қаңтар-Қыркүйек	97,7	
Қазан	112,1	76,2
Қараша	93,9	57,6
Желтоқсан	99,9	46,8
IV тоқсан	104,1	71,6
Жыл	99,4	

Дереккөз: Росстат, Ресей Федерациясы Экономикалық даму министрлігінің есептеуі.

Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды жинау тарихи жоғары деңгейге жеткен 2016 жылғы 120,7 млн тонна мен және 2017 жылы 135 млн тоннамен салыстырғанда 2018 жылы 112,9 млн тоннаны құрады.

Дәнді дақылдарды жинаудың азаюы дақылдарды өсіргенде әр кезеңде табиғи жайсыз жағдайдың (елдің оңтүстік өңіріндегі құрғақшылық, Сібір мен Оралда егістік уақытында температураның күрт төмендеуі, жиын-терім кезеңінде орталық өңірлерде жауынның көп түсуі) салдарынан егіннің (13%) азаюымен негізделген. Мұнымен қоса 2018 жылы бидай түсімі 1992 жылғы көлем бойынша үшінші болды.

Дәнді дақылдармен қатар, өткен жылмен салыстырғанда айқын теріс серпін қант қызылшасын жинау бойынша да байқалды (-20,6 %).

Күнбағыс түсімінің өсіміне егістік аумағының үлкеюі, негізгі дақылдарды өндіретін өңірлерде табиғи жағдайдың жақсы болуы әсер етті (2017 жылы керісінше, табиғаттың жайсыз жағдайы дақылдардың кеш пісуіне, жиналмаған егістік аумағының көп болуына соқтырған еді).

Өсімдік шаруашылығындағы өнім азаюының орны 2018 жылы мал шаруашылығының серпінімен өтелмеді. Мал мен құс, сүт өндірісі едәуір баяулады. Жұмыртқа өндірісінің өсуі құс санының азаюынан тоқтап қалуға шақ болды (2,3 % г/г), 1.5.3-кесте.

1.5.3-кесте. Ауыл шаруашылығының 2018 жылғы көрсеткіштері

	2018	2017	2016	2015
Өсімдік шаруашылығы, млн. тонна				
Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар	112,9	135,5	120,7	104,7
Қант қызылшасы	41,2	51,9	51,3	39,0
Күнбағыс	12,6	10,5	11,0	9,3
Картоп	22,4	21,7	22,5	25,4
Көкөністер	13,6	13,6	13,2	13,2

Мал шаруашылығы

Союға жіберілген мал мен құс (тірі салмақта), мың тонна	14,9	14,5	13,9	13,4
Сүт, мың тонна	30,6	30,2	29,8	29,9
Жұмыртқа млн дана	44,9	44,8	43,5	42,5

Дереккөз: Росстат

Бөлшек сауда. 2018 жылдың соңында бөлшек сауда айналымы 31579,4 млрд. рубльді құрады немесе өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгеймен салыстырғанда 102,8% (салыстырмалы бағада), 1.5.4-кестені қараңыз.

1.5.4-кесте. 2018 жылы бөлшек сауда айналымының серпіні

